1990 ж. тамызынан бастап 1997 ж. сәуірге дейін республикалық «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газетінің Торғай облысындағы меншікті

тілшісі. Торғай облысы жабылған соң Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде тілші, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде бас маман болды. Содан кейін «Егемен Қазақстан» республикалық газеті ашық акционерлік қоғамында қызмет істеді (2000–2014).

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың мәйітін 57 жылдан соң Карелиядан әкеліп, туған жері Торғайға қайта жерлеу экспедициялық сапарының (1992) басы-қасында болған Әлімнің қаламынан «Мұңды сапар» (1997) атты тағылымы мол хикаят туды.

Шығармалары: «Сейітхан Темірбаев» (очерк, 1975), «Жамбыл совхозы» (очерк, 1977), «Шабьтты еңбек» (көсемсөз, 1978), «Түлеген тыңның түлектері» (көсемсөз, 1979), «Чернобыль қаһарманы» (хикаят, 1989), «Сұлтанбек пен Бәтима» (зерттеу, 1993), «Мұңды сапар» (хикаят-сапарнама, 1997), «Мықшеге» (хикаят, 1998), «Адам ізі» (хикаят, 2001), «Міржақыптың оралуы. Возвращение из небытия» (хикаят қазақ және орыс тілдерінде, 2001), «Міржақыптың оралуы» (хикаят-сапарнама, 2002), «Сырбай мен Ғафу» (эссе-хикаят, 2003), «Жанығу» (эсселер, новеллалар, әңгімелер, 2003), «Мәңгілік шер» (хикаят, 2006), «Сегіз томдық шығармалар жинағы» (2007), «Актёр тағдыры» (хикаят, естеліктер 2008), «Терең тамыр» (хикаят, 2009), «Алашшыл жүрек» (2011), «Махаббат жыршысы» (эпистолярлық хикаят, 2012), «Сыздамашы, жүрегім» (эсселер, көсемсөздер, новеллалар, 2012), «Қос айқай» (2012), «Кәусар» (әдеби портреттер, эсселер, 2015), «Қазағын оятқан» (2020) және т. б.

Көптеген көркем очерктері мен әңгімелері, эсселері мен көсемсөздері отызға жуық ұжымдық жинаққа енгізілген.

«Ерен еңбегі үшін» (2006) медалімен, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011) мерекелік медальдарымен, «Әзіл Нұршайықов» медалімен (2014), Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында құрылған халықаралық Қазақ шығармашылық одағының «Ұлт мақтанышы» (2015) медалімен және т. б. марапаттармен марапатталды.

Қазақстан Журналистер одағы М. Дулатов атындағы сыйлығының иегері (1998), ҚР Президенті сыйлығының лауреаты (2012), Қазақстан Журналистика академиясы «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері (2013).

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері (2009), Қазақстанның құрметті журналисі (2009). Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі (2015). Торғай қаласының құрметті азаматы (2004). Жанкелдин ауданының құрметті азаматы (2013). Қазақстан Журналистика Академиясының толық мүшесі, академигі (2017). Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (2019).

2011 жылға дейінгі мәліметтерді «2007, 2012 және 2017 жылдарға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегілерінен» және «Қарымы бөлек қаламгер» библиогр. көрсеткішінен қараңыз.

Шығармалары:

1. Безінген ләйлек [Мәтін] : хикаяттар, әңгімелер, пьеса, эсселер, сапарнама / Қ. Әлім. – Алматы : Ана тілі, 2017. – 480 б.
2. «Жерім» деген ер еді [Мәтін] : естеліктер жинағы / құраст.: З. Күнешқызы, Қ. Әлім. – Алматы, 2019. – 356 б.
3. Міржақыптың оралуы [Мәтін] = Возвращение Миржакипа : хикаят-сапарнама : док. пов. / Қ. Әлім ; [ауд. Ахетов А.]. – Алматы : Мектеп, 2017. – 200 б.
4. Өз өрмегім [Мәтін]. 1-кітап : Күнделік-хикаят, (1964–2005 жж.) / Қ. Әлім. – Алматы : Ана тілі, 2017. – 416 б.
5. Өз өрмегім [Мәтін]. 2-кітап : Күнделік-хикаят, (2006–2017 жж.) / Қ. Әлім. – Алматы : Ана тілі, 2017. – 416 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Абай әндерінің әлдіі [Мәтін] : [ақын А. Құнанбаевтың 175 жылдығына орай] / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 3 наурыз. – Б. 10.
2. Азаттық қызы [Мәтін] : новелла / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 8 қазан. – Б. 8.
3. Алаш қызы [Мәтін] : (Екі бөлімді трагедия) / Қ. Әлім // Қостанай таңы. – 2019. – 21 мамыр. – Б. 6 ; 22 мамыр. – Б. 6 ; 24 мамыр. – Б. 5 ; 28 мамыр. – Б. 6 ; 29 мамыр. – Б. 6.
4. Астананың айбыны мен айдыны [Мәтін] / Қайсар Әлім // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 6–12 шілде. – Б. 16–17.
5. Әке, әкешім!... [Мәтін] : (Эссе) / Қ. Әлім // Ақиқат. – 2021. – № 1. – Б. 54–59.
6. «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...» [Мәтін] : [жазушы Ғ. Қайырбековтың 90 жылдығына арналған кеш] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2018. – 31 қазан. – Б. 11.
7. Байзаков, С. Қайраткер есімін ұлықтайық [Мәтін] : [ғалым Асқар Закарин туралы] / С. Байзаков, Ж. Бекболатов, Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 11 сәуір. – Б. 8.
8. Баубек батыр ұлықталса [Мәтін] / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 11 наурыз. – Б. 7.
9. Бір арнаға тоғысқан қос тағдыр [Мәтін] : бір ұяда қанаттанған, бір түрмеде азаптанған Асқар мен Міржақып Дулатовтар / Қайсар Әлім // Қазақ. – 2018. – 22 маусым. – Б. 6.
10. Ғафу-ғайып [Мәтін] : эссе : [ақын Қайырбеков жайында] / Қайсар Әлім // Жұлдыз. – 2018. – № 8. – Б. 179–198.
11. «Егемен»: қос құбылыс! [Мәтін] : [Алаш қайраткерлері М. Дулатов пен Бейімбет Майлин туралы] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2017. – 23 қараша. – Б. 3.
12. Есінде ме, Ибраш?! [Мәтін] : [диқаншы И. Естаев туралы] / Қайсар Әлім // Қостанай таңы. – 2017. – 31 наурыз. – Б. 3.

13. Жеңіс-жүрек [Мәтін] : эссе / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 15 сәуір. – Б. 9 ; Қостанай таңы. – 2020. – 29 мамыр. – Б. 8.
14. «Жерім!» деп соққан жүрек [Мәтін] : [қаламгер Сапабек Әсіп туралы] / Қ. Әлім // ANA TILI. – 2019. – 11–17 сәуір. – Б. 9.
15. 22 жылымның әлдиі... [Мәтін] : [«Қостанай таңы» газетінің 95 жылдық мерейтойы] / Қайсар Әлім // Қостанай таңы. – 2017. – 23 маусым. – Б. 5.
16. «Қазақ әдебиеті» ұлттық рухымен еңселі [Мәтін] / Қ. Әлім // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 25 желтоқсан. – Б. 25.
17. Қаралы қарбалас [Мәтін] : (Күнделіктен үзінді) / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 қараша. – Б. 23.
18. Қыз ернінің дәмі [Мәтін] : [әңгіме] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 2016. – 13 сәуір. Б. 15.
19. Мағауиннің ақ батасы [Мәтін] : [журналист, аудармашы Ғосман Төлеғұл туралы] / Қ. Әлім // Ана тілі. – 2020. – 1–7 қазан. – Б. 12.
20. Міржақыптың туған ағасы [Мәтін] : Асқар Дулатовта саяси қуғын-сүргін құрбаны болған / Қ. Әлім // Жұлдыз. – 2020. – № 7. – Б. 179–182.
21. Найза ұшымен бұлт үркітіп... [Мәтін] : Тоқтамыс батыр тұр Тәуелсіздік тұғырында / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 24 қыркүйек. – Б. 9.
22. Оралу [Мәтін] : [жазушы М. Дулатов туралы] / Қ. Әлім // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 6 қараша. – Б. 8–9 ; 13 қараша. – Б. 10–11.
23. Рух-Рәуіш [Мәтін] : [журналист С. Абдрахманов туралы] / Қ. Әлім // Жұлдыз. – 2020. – № 12. – Б. 39–41.
24. Сәулетшілер сардары [Мәтін] : [отандық сәулетші Әбдісағит Шаймұханбетұлы Тәтіғұлов] / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 1 шілде. – Б. 10.
25. Сәулетші қолтаңбасы [Мәтін] : [Әбдісағит Тәтіғұлов] / Қ. Әлім // Қостанай таңы. – 2020. – 27 наурыз. – Б. 11.
26. Сераға [Мәтін] : [актер Серке Қожамқұловпен кездесу] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2001. – 8 қыркүйек. – Б. 6.
27. Сұңғыла сыры [Мәтін] : Эссе : [жазушы Мұхтар Мағауин туралы] / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 тамыз. – Б. 14 ; Қостанай таңы. 2020. – 23 желтоқсан. – Б. 6 ; 25 желтоқсан. – Б. 11.
28. Торғай тарихының тағылымы [Мәтін] : [Торғайда бес мұражай бар. Осылардың төртеуі «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» мемлекеттік мекемесіне қарайды] / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 26 қараша. – Б. 12.
29. «Шынайы ерлік екен ғой» [Мәтін] : (Күнделіктен үзінді) : [журналист Сапабек Әсіпов туралы] / Қ. Әлім // Қостанай таңы. – 2019. – 29 наурыз. – Б. 10.
30. Ыбырайдың мазары [Мәтін] : [үш ғалым Қосылған Күзембаев, Шайсұлтан Шаяхметов, Әмірғали Жамалиев 1991 ж. 18 қазанда мазардың алдында фотосуретке түскені туралы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 сәуір. – Б. 16.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Әлім Қайсар [Мәтін] // 2017 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі : библиогр. көрсеткіш / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиографиялық бөлімі ; [құраст. Г. К. Сейтқожина]. – Арқалық, 2017. – Б. 15–19.
2. Әлім Қайсар [Мәтін] // Торғай энциклопедиясы / бас ред. Г. Қ. Сәрсекей. – Алматы, 2018. – Б. 101–102.
3. Жасындай жарқыл [Мәтін] // Тәуелсіз Қазақстан жолындағы мәдени-ағартушылық және саяси тұрғыдан «Алаш» партиясы көшбасшыларының халыққа қызметі = Деятельность лидеров партии «Алаш» – служение народу в политическом и культурно-просветительском аспекте на пути к независимости Казахстана / [Туйғанов М. С. [және т. б.] ; ред. Ж. Баймағамбетова]. – Алматы, 2017. – Б. 132–136.
4. Қайсар Әлім [Мәтін] : биобиблиогр. көрсеткіш / құраст. Ж. Жағыпарұлы ; ред. А. Ж. Сақанова. – Алматы, 2017. – 216 б.
5. Қарымы бөлек қаламгер [Мәтін] : (жазушы, журналист Қайсар Әлімнің 70 жасқа толуына орай : библиогр. көрсеткіш = к 70-летию писателя, журналиста Кайсара Алима : библиогр. указ. лит.) / [Л. Н. Толстой атындағы Қостанай әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; [құраст.: Д. А. Жұмабаева, Н. В. Балдичева ; ред.: Д. Т. Дюсибаева, Б. М. Әлкебаева, З. А. Варинке ; мұқабаны безендірген Т. Н. Иванова]. – Қостанай, 2017. – 56 б.
6. Қызбелдің Қайсары [Мәтін] : сыр-шертпе, мән-мәніс, ыстық-лүпіл, хат-қайырым : [жазушы Қ. Әлімнің шығармашылығы туралы] / Ш. Рақымбекова. – Алматы : Ана тілі, 2017. – 320 б.
7. Самғау немесе сегіз жолдан сегіз томға дейін [Мәтін] // Дәуренбеков, Ж. Қолтаңба : эсселер / Ж. Дәуренбеков. – Алматы, 2019. – Б. 190–206.
8. Сөз дариясына маржан терген белгілі жазушы Қайсар Әліммен сырласу [Мәтін] // Жүнісұлы, Ж. Жылдар жаңғырығы : сұхбат, ой–толғамдар, өлеңдер / Ж. Жүнісұлы. – Қостанай, 2012. – Б. 20–25.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Анаш, Думан. Басылымның бұрынғы қызметкерлеріне құрмет [Мәтін] : [шара] / Думан Анаш // Егемен Қазақстан. – 2017. – 11 мамыр. – Б. 15.
2. Әбіш, М. Мақтан және біз немесе мақталуға дейін... [Мәтін] : [пікірлер] / М. Әбіш // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 3–9 наурыз. – Б. 6–7.
3. Безінген ләйлек [Мәтін] : [қаламгер Қ. Әлімнің жаңа кітабы шықты] / [газ. ред.] // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 16–22 ақпан. – Б. 22.
4. Жағыпар, Ж. Қалам қайраты [Мәтін] : [жазушы Қ. Әлімнің шығармалары] / Ж. Жағыпар // Қостанай таңы. – 2017. – 24 қазан. – Б. 8.
5. Жағыпарұлы, Ж. Жүрекжарды бұлқыныс [Мәтін] : [қаламгер Қ. Әлім туралы] / Ж. Жағыпарұлы // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 17–23 ақпан. – Б. 19.

6. Жағыпарұлы, Ж. Қаламгер қарымы [Мәтін] : [Қ. Әлімнің кітаптары жарық көрді] / Ж. Жағыпарұлы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 19 қазан. – Б. 8.
7. Жазушы шығармашылығының 55 жылдығына арналған шара [Мәтін] : [деректі фильмінің тұсаукесері өтті] / жауапты ред. Гүлмаржан Қосжанова // Қазақ. – 2018. – 14 қыркүйек. – Б. 2.
8. Жәрімбет, Нәзира. Қостанай қанаттандырған қаламгер [Мәтін] : [Қ. Әлімнің шығармашылығына 55 жыл толды] / Нәзира Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2018. – 15 қараша. – Б. 11.
9. Жүнісұлы, Ж. Қаламсабыңды тастама! [Мәтін] : Анасының осы өсиеті жүрегіне ұялаған белгілі журналист-жазушы Қайсар Әліммен сырласу / Ж. Жүнісұлы // Арқалық хабары. – 2016. – 17 ақпан. – Б. 4.
10. Жүнісұлы, Ж. Қаламының желі бар [Мәтін] : журналист-жазушы Қайсар Әліммен сырласу / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 19 сәуір. – Б. 4.
11. Жүнісұлы, Мұрат. «Ақиқатты ағынан толғаған» [Мәтін] : [жазушы Қ. Әлім 70 жаста] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 10 ақпан. – Б. 18.
12. Исабекова, Ләззат. Ақиқатты ағынан толғаған [Мәтін] : [жазушы Қ. Әлімнің 70 жас мерейтойына арналған кеш] / Ләззат Исабекова // Торғай. – 2017. – 10 ақпан. – Б. 3.
13. Кәкімжанова, Аягөз. Қаламы қарымды қаламгер [Мәтін] : Қайсар Әлімнің шығармашылығына 55 жыл толды / Аягөз Кәкімжанова ; суретті түсірген Бағдад Ахметбеков // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2018. – 20 қараша. – Б. 6.
14. Кәрімұлы, Сырымбет. Құс қанатында [Мәтін] : [журналист Қ. Әлім туралы] / Сырымбет Кәрімұлы // Жұлдыз. – 2017. – № 1. – Б. 123–129.
15. «Қазағын оятқан» [Мәтін] : [жазушы Қ. Әлімнің кітабы жарық көрді] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2020. – 7 тамыз. – Б. 12.
16. Қайсар Әлім, журналист, жазушы: «Әрбір тұлға – рухани шамшырақ» [Мәтін] : [сұхбат] / сұхбаттасқан Махат Садық // Ақиқат. – 2020. – № 6. – Б. 71–73.
17. Қайсар Әлім, міржақыптанушы: Міржақыптың «мұңы» әлі де көп [Мәтін] : [сұхбат] / сұхбатты жазып алған Қанат Әбілқайыр // Түркістан. – 2010. – 9 қыркүйек. – Б. 4.
18. Қаламгер академик атанды... [Мәтін] : [Қайсар Әлім] / [газ. ред.] // Ана тілі. – 2017. – 10–15 наурыз. – Б. 3.
19. Қаламгер академик атанды... [Мәтін] : [Қайсар Әлім] / [газ. ред.] // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 17–30 наурыз. – Б. 28.
20. Қаламгер академик атанды [Мәтін] : [Қайсар Әлім] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2017. – 10 наурыз. – Б. 2.
21. Қаламгер академик атанды [Мәтін] : [Президент сыйлығының лауреаты Қ. Әлім академик болып сайланды] / [газ. ред.] // Егемен Қазақстан. – 2017. – 10 наурыз. – Б. 11.
22. Қойшыманов, Қасқырбай. Қалам иесі [Мәтін] : жазушы-журналист Қайсар Әлімнің шығармашылығына 55 жыл / Қасқырбай Қойшыманов ;

суреттерді түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2018. – 14 қараша. – Б. 12.

23. Қос қаламгер лауреат атанды [Мәтін] : [Серікбай Оспанов және Қайсар Әлім] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2019. – 16 сәуір. – Б. 8.

24. Мұсырман, К. Қайсарлық [Мәтін] : [журналист Қ. Әлім туралы] / К. Мұсырман // Айқын. – 2017. – 10 қаңтар. – Б. 6.

25. Міржақыптың рухани мұрагері [Мәтін] : қаламгер Қайсар Әлім Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2019. – 12 сәуір. – Б. 2.

26. Нұрбек, С. «Егеменнің лездемесі» [Мәтін] : «Egemen Qazaqstan» газетінің шығармашылық лабораториясына арналған / С. Нұрбек // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 25 қазан. – Б. 11.


27. Нүрекина, Айгүл. Белгілі қаламгер, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Міржақыптанушы Әлім Қайсар туғанына 70 жыл [Мәтін] / Айгүл Нүрекина // Торғай. – 2017. – 17 ақпан. – Б. 7.

28. Сәбитұлы, Нұрбек. Музей-үйіне сый-тарту [Мәтін] / Нұрбек Сәбитұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 29 қаңтар. – Б. 5.

1 наурыз

Туғанына
130 жыл

ОМАРҰЛЫ **Елдес** **(1892–1937)**



Қоғам қайраткері, педагог, публицист бұрынғы Торғай облысы Қостанай уезі Дамбар болысында (қазіргі Бейімбет Майлин ауданына қарасты Қожай а.) туған.

Қостанай қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін (1907), Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін (1911) бітірген.

Қостанай орыс-қазақ училищесін бітірген соң Дубай ауылында мұғалім болып жұмыс істеді. 1917 жылдың ақпан айына дейін жергілікті соттың кеңсесінде қызмет етті. Сол жылы Минск қаласындағы Земство одағының хатшысы болды және оқулық

дайындау комиссиясының мүшесі етіп тағайындалды.

Азамат соғысы жылдары Қостанай уезі бойынша Алашорданың комиссары және Қостанайдағы бөлімшесінің төрағасы қызметін атқарды.

Орынбор қаласында өткен ІІ жалпықазақ-қырғыз құрылтайында Қазақстанда ұлттық автономия – Алашорда үкіметін құру туралы шешім қабылданған. Бұл бастаманың басында Алаш партиясының мүшелері Ә.

Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы бастаған азаматтар тұрды. Осы бағдарламаның авторларының бірі замандастары жан-жақты білімі, таланты үшін қазақтың Ломоносовы деп атаған белгілі Омаров та болды.

1920–1922 жж. Орынборда халық ағарту комиссариатында нұсқаушы, кеңестік партия мектебінде оқытушы болды. Осы кезеңде ол көптеген ғылыми мақалалар жазды. 1922–1926 жж. Қазақ халық ағарту комиссариатының академия орталығында қызметкер, Қырғыз (қазақ) халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып, саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту және тіл білімі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазды. Қазақ тілінде физика, геометрия оқулықтарын жазып, математика терминдерін қалыптастыруға зор үлес қосты.

1926–1929 жж. саяси қуғынға ұшыраған Омаров Ташкентте педагогикалық институтта, Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыс факультінде оқытушы болып істеді. Бұл кезеңде ол қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығының 2-кітабын жазып, Цингирдің физика оқулығын қазақшаға аударды. 1929 ж. соңында тұтқындалып, 1930 ж. сәуірде ату жазасына кесілді, кейін 10 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 ж. ақталып шықты.

1934–1935 жж. Қазақ мемлекеттік медицина институтында қазақ тілінен сабақ берді, институт студенттеріне арнап қазақ тілі оқулығын жазды. «Упражнения по синтаксису» («Синтаксис жаттығулары»), «О сочетании звуков казахского шрифта» («Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі»), «Новые правила о казахском шрифте» («Қазақ қаріптерінің жаңа ережелері»), «Ученая деятельность Ахмета Байтурсынова» («Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектері») т. б. ғылыми еңбектері бар. 1935–1937 жж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет істеді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Е. Омарұлы тек 1989 ж. ғана ақталды.

Елдес Омарұлының есімімен Бейімбет Майлин ауданы Белинский елді мекеніндегі орта мектеп және Лисаков қаласының бір көшесі аталған.

2017 ж. «Алашорданың» құрылғанына 100 жыл және Елдес Омарұлының туғанына 125 жыл толуына орай оның шығармалар жинағы жарыққа шықты. Кітапты құрастырушылар техника ғылымдарының докторы Марат Қапашұлы Шуақаев (Елдес Омаровтың шөбересі) және А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ профессоры Ақылбек Шаяхмет болып табылады, ал демеушісі облыс әкімі А. Б. Мұхамбетов болды.

Шығармалары:

1. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар. Т. 1 / Е. Омарұлы. – Астана : Алаш Орда, 2018. – 400 б.
2. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар. Т. 2 / Е. Омарұлы. – Астана : Алаш Орда, 2018. – 408 б.
3. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар. Т. 3 / Е. Омарұлы. – Астана : Алаш Орда, 2018. – 420 б.

4. Шығармалар [Мәтін] = Сочинения / Е. Омарұлы ; құраст.: М. Шуақаев, А. Шаяхмет. – Қостанай : КГУ им. А. Байтұрсынова, 2016. – 183 б.

5. Шығармалар [Мәтін] = Сочинения / Е. Омарұлы ; құраст.: М. Шуақаев, А. Шаяхмет. – Астана : Фолиант, 2017. – 488 б.

6. Шығармалар [Мәтін] = Сочинения / Е. Омарұлы ; құраст.: М. Шуақаев, А. Шаяхмет. – Қостанай : КГУ им. А. Байтұрсынова, 2017. – 488 б.

7. Шығармалары [Мәтін] : дыбыс, таңба, әліппе, емле, терминология, морфология, синтаксис мәселелері. Т. 1 : Тілтанымдық мұралары / Е. Омарұлы. – Астана : Лұғат, 2018. – 300 б.

8. Шығармалары [Мәтін]. Т. 2 : Аудармалар / Е. Омарұлы. – Астана : Лұғат, 2018. – 500 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Дағдылы жол мен айлалы жол [Мәтін] / Елдес Омарұлы // Жас өркен Қостанай. – 2018. – № 4. – Б. 22–24.

2. Қазақ тарихынан [Мәтін] / Елдес Омаров // Қазақ тарихы. – 2008. – № 1. – Б. 5–11.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Байғалиев, Б. Омаров Елдес [Мәтін] / Б. Байғалиев // Алаш Орда : энциклопедия / құраст.: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы, 2009. – Б. 262–263.

2. Байғалиев, Б. Омаров Елдес [Мәтін] / Б. Байғалиев // Ахмет Байтұрсынұлы : энциклопедия / бас ред. Ж. Тойбаева ; құраст.: Ғ. Жандыбаев [және т. б.]. – Алматы, 2017. – Б. 411.

3. Байғалиев, Б. Омаров Елдес [Мәтін] / Б. Байғалиев // Қазақстан : ұлттық энцикл. : 10 т. Т. 7 : Н – С / бас ред. Б. Ғ. Аяған. – Алматы, 2005. – Б. 125.

4. Байғалиев, Б. Омаров Елдес [Мәтін] / Б. Байғалиев // Торғай елі : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 330–331.

5. 1988 жылғы 4 қарашадағы Қазақ КСР Жоғары сотының шешімі [Мәтін] : [Алаш қайраткерлерін ақтау жөніндегі құжат] // Ахмет Байтұрсынұлы : энциклопедия / бас ред. Ж. Тойбаева ; құраст.: Ғ. Жандыбаев [және т. б.]. – Алматы, 2017. – Б. 153.

6. Елдес Омаров (1892–1937) [Мәтін] : [математик, саяси қайраткер] // Орманов, Қ. Ел мен жер және тұлғалар тарихы : [өлкетану оқулығы] / Қ. Орманов. – Алматы, 2014. – Б. 282–283.

7. Елдес Омарұлы және қазақ терминологиясын дамыту қағидаттары [Мәтін] // Құрманбайұлы, Ш. Алаш және терминтану : монография / Ш. Құрманбайұлы. – Алматы, 2008. – Б. 53–64.

8. Ел-жұрты үшін еңіреген есіл ер [Мәтін] : Елдес Омарұлы туралы // Шаяхмет, А. Пирамида : эсселер, толғаулар мен мақалалар / А. Шаяхмет. – Қостанай, 1997. – Б. 38–46.

9. Елім деп еңіреп өткен [Мәтін] : Елдес Омарұлы // Шаяхмет, А. Ел есіндегі есімдер : эсселер, мақалалар, әңгімелер / А. Шаяхмет. – Алматы, 2005. – Б. 134–145.
10. Жақсанов, О. Қайталанбас тұлғалар [Электрондық ресурс] : эсселер, портр. / О. Жақсанов. – Қостанай : Шапақ, 2009. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM).
11. Замзаева, Т. «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы [Мәтін] / Т. Замзаева // Алаш Орда : энциклопедия / құраст.: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы, 2009. – Б. 41.
12. Қазақтың Ломоносовы [Мәтін] : атанған Алаш ардақтысы, қоғам қайраткері Елдес Омарұлы жайлы әңгіме / Жақсанов, О. Қайталанбас тұлғалар : эсселер, порт. / О. Жақсанов. – Қостанай, 2009. – Б. 45–52.
13. Қайта оралған есім [Мәтін] = Возвращенное имя : Елдес Омарұлының туғанына 125 жылдығына арналған библиогр. көрсеткіш = библиогр. указ., посвящ. 125-летию со дня рождения Елдеса Омарова / Таран аудандық орталықтанған кітапхана жүйесі ; [құраст. С. Н. Король ; пер. Г. Ж. Асанова]. – Таран ауылы, 2017. – 24 б.
14. Омаров Елдес [Мәтін] // Аманаты алаштың : балаларға арналған энциклопедия / [авт.-құраст. Т. Қ. Шаңбай]. – Алматы, 2018. – Б. 64–65.
15. Омаров Елдес [Мәтін] : [өмірбаяны] // Қазақстан ғалымдары : энцикл. анықтамалық : Т. 1 : А – К / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2012. – Б. 81.
16. Омаров Елдес [Мәтін] // Ыбырай Алтынсариннің шәкірттері мен ізбасарлары : (Ыбырай Алтынсариннің 170-жылдығына арналады) / Қостанай облыстық Ы. Алтынсарин мемориалдық мұражайы ; [құраст. З. Қ. Балтабаева]. – Қостанай, 2009. – Б. 9–10.
17. Омарұлы Елдес [Мәтін] // Алаш идеясы – ұлттық рухтың тірегі : Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай : библиогр. көрсеткіш / Жанкелдин ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, Әдістеме-библиографиялық бөлімі ; құраст. М. Б. Нургазина. – Торғай, 2017. – Б. 18–19.
18. Серікқазыұлы, С. «Елім деп өткен Елдес» [Мәтін] : [кітап] / С. Серікқазыұлы // Ахмет Байтұрсынұлы : энциклопедия / бас ред. Ж. Тойбаева ; құраст.: Ғ. Жандыбаев [және т. б.]. – Алматы, 2017. – Б. 184.
19. Смағұлова, С. Торғай облыстық Алаш комитеті [Мәтін] / С. Смағұлова // Алаш Орда : энциклопедия / құраст.: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы, 2009. – Б. 310.
20. Тайбағар [Мәтін] : [қоғам қайраткері Елдес Омаров туралы] // Шаяхмет, А. Тайбағар : әңгімелер, хикаялар, мақалалар, эсселер / А. Шаяхмет. – Астана, 2011. – Б. 5–46.
21. Шаяхмет, А. Ел есіндегі есімдер [Электрондық ресурс] : эсселер, мақалалар, әңгімелер / А. Шаяхмет. – Алматы : GAUHAR, 2005. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM).
22. Шаяхмет, А. Елдес Омарұлы (1892–1937) [Мәтін] / А. Шаяхмет // Қыпшақ қайраткерлері : Ой қыпшақ пен қыр қыпшақ, бәрін жисаң – бір қыпшақ : [энцикл. жинақ] / [құраст. Ө. Әбдіраман]. – Алматы, 2010. – Б. 467–468.

23. Шаяхмет, А. Елім деп еңіреп өткен Елдес [Мәтін] / А. Шаяхмет // Тәуелсіз Қазақстан жолындағы мәдени-ағартушылық және саяси тұрғыдан «Алаш» партиясы көшбасшыларының халыққа қызметі = Деятельность лидеров партии «Алаш» – служение народу в политическом и культурно-просветительском аспекте на пути к независимости Казахстана / [М. С. Туйғанов [және т. б.] ; ред. Ж. Баймағамбетова]. – Алматы, 2017. – Б. 137–150.

24. Шаяхмет, А. Елім деп өткен Елдес [Мәтін] / А. Шаяхмет // Естеліктегі Алаш / құраст., алғы сөзін және түсініктерін жазған С. Б. Жұмағұл ; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-ті ; «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-ты. – Ғылыми-танымдық басылым. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 150–154.

25. Шаяхмет, А. Пирамида [Электрондық ресурс] : эсселер, толғаулар мен мақалалар / А. Шаяхмет. – Қостанай : [б. б.], 1997. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM).

26. Шаяхмет, А. Суық жел [Мәтін] : деректі хикая : Алаш арысы Елдес Омарұлына арналады // Әлпейісов, Ә. Алашорда : [деректі проза] / Ә. Әлпейісов, А. Шаяхмет. – Алматы, 2017. – Б. 56–96.

27. Шаяхмет, Ақылбек. Елдес Омарұлы [Мәтін] / Ақылбек Шаяхмет // Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Алаш Орда = Алаш-Орда в истории независимого Казахстана : облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция = областная научно-практическая конференция / Қостанай облысының әкімдігі ішкі саясат басқармасы. – Қостанай, 2008. – Б. 29–36.

28. Шуақаев, М. Елім деп өткен Елдес [Мәтін] / М. Шуақаев, А. Шаяхмет. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 112 б.

Мақалалар:

1. Ағыбаев, Марат. Еліңмен бір жүрегің [Мәтін] : [өлең] : ғалым, қоғам қайраткері Елдес Омарұлы Тиесов 29 ақпанда туған 1892 ж. / Марат Ағыбаев // Шамшырақ = Маяк. – 2012. – 12 сәуір. – Б. 4.

2. Ағыбаев, Марат. Жарық жұлдыз [Мәтін] : [өлең] : (ғалым, қоғам қайраткері, «қайыңдықөздік» Елдес Омарұлына) / Марат Ағыбаев // Шамшырақ = Маяк. – 2009. – 21 мамыр. – Б. 4.

3. Әдепқызы, Светлана. Елдес Омаровтың жарияланбаған мақаласы [Мәтін] / Светлана Әдепқызы // Қазақ тарихы. – 2008. – № 1. – Б. 3–4.

4. Әнес, Ғарифолла. Әрі лирик, әрі физик Елдес Омаров [Мәтін] / Ғарифолла Әнес // Ана тілі. – 2017. – 27 шілде–2 тамыз. – Б. 2 ; Аманкелді арайы. – 2017. – 28 шілде. – Б. 4.

5. Бектас, Гүлзина. Мәскеу съезге неге рұқсат бермеді? [Мәтін] : [1976 жылғы Бүкілодақтық I Түркология съезі] / Гүлзина Бектас // AIQYN. – 2019. – 15 ақпан. – Б. 7.

6. Дүйсебаева, Д. Т. Алаш қозғалысына – 100 жыл [Мәтін] : [Қостанай облысының кітапханаларының мәдени іс-шаралары] / Д. Т. Дүйсебаева // Мәдениет. – 2017. – арнайы шығарылым. – Б. 35–38.

7. Ділда, Хайрат. Ер есімді Елдес аға [Мәтін] : [қоғам қайраткері Елдес Омаров туралы] / Хайрат Ділда // Шамшырақ = Маяк. – 2010. – 22 шілде. – Б. 8.

8. Елдес Омарұлының кітабы жарық көрді [Мәтін] : [қоғам қайраткері, жазушы-публицист] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2017. – 26 қыркүйек. – Б. 7.

9. Жакенова, Қарапа. Елдес есімі ұмыт қалмасын [Мәтін] : [Алаш қайраткері Е. Омарұлы туралы] / Қарапа Жакенова // Қостанай таңы. – 2017. – 14 маусым. – Б. 5.
10. Жәрімбет, Нәзира. Қайраткердің жинағы жарық көрді [Мәтін] : [Елдес Омарұлының шығармалар жинағы туралы] / Нәзира Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2017. – 8 қараша. – Б. 11.
11. Жәрімбетова, Назира. Елдес ғалымды еске алды [Мәтін] : [Е. Омаровты] / Назира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2017. – 29 наурыз. – Б. 11.
12. Жұбаева, О. Елдес Омаров ұлттық тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі [Мәтін] / О. Жұбаева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2019. – № 11. – Б. 3–24 ; Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде = Казахский язык и литература в русской школе. – 2019. – № 11. – Б. 3–25.
13. Қазақтың көрнекті тұлғасы [Мәтін] : Даңқты жерлесіміз Елдес Омаров жайында / бетті дайындаған Оразалы Жақсанов // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2017. – 26 қыркүйек. – Б. 8.
14. Қонысбай, Кенже. Елім деп өткен Елдес [Мәтін] : Алаш арысы Елдес Омарұлының шығармалар жинағы жарық көрді / Кенже Қонысбай ; суреттерді түсірген Жанар Ахмет // Қостанай таңы. – 2017. – 1 қараша. – Б. 12.
15. Нұрахмет, Жанар. Елдес есімі ел есінде [Мәтін] : [қоғам қайраткері Елдес Омарұлының туғанына 125 жыл] / Жанар Нұрахмет // Маяк. – 2017. – 14 қыркүйек. – Б. 5.
16. Талғатқызы, Алмагүл. Ел есіндегі Елдес аға [Мәтін] : [Алаш қайраткері Елдес Омарұлы туралы] / Алмагүл Талғатқызы // Қостанай таңы. – 2017. – 7 наурыз. – Б. 6.
17. Талғатқызы, Алмагүл. Ер есімі ел есінде ме? [Мәтін] : «Қазақтың Ломоносовы» атанған Елдес Омарұлына арналған шара Қостанайда өтті / Алмагүл Талғатқызы // Қазақ. – 2017. – 24–31 наурыз. – Б. 7.
18. Шаяхмет, А. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің символы [Мәтін] / А. Шаяхмет // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2019. – № 9. – Б. 9–20.
19. Шаяхмет, Ақылбек. Елдес пен Телжан достығы [Мәтін] : [халық ағартушылар Е. Омарұлы мен Т. Шонанов] / Ақылбек Шаяхмет // Жас өркен Қостанай. – 2019. – № 3. – Б. 8–10.
20. Шаяхмет, Ақылбек. Елім деп еңіреп өткен Елдес [Мәтін] : [қоғам қайраткері Е. Омарұлы туралы] / Ақылбек Шаяхмет // Маяк. – 2017. – 26 қазан. – Б. 4.
21. Шаяхмет, Ақылбек. Елім деп еңіреп өткен тұлға [Мәтін] : немесе Алаш ардақтысы Елдес Омаров жайлы толғаныс / Ақылбек Шаяхмет ; сурет автордан алынды // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2017. – 7 қараша. – Б. 8 ; 14 қараша. – Б. 8.
22. Шаяхмет, Ақылбек. «Қазақтың Ломоносовы» немесе Елім деп еңіреп өткен ер туралы не білеміз? [Мәтін] : [қоғам қайраткері, жазушы-публицист Елдес Омарұлы] / Ақылбек Шаяхмет // Қазақ. – 2015. – 20–27 қараша. – Б. 5, 10.

12 наурыз

Туғанына
75 жыл

МАЦУПА Людмила Владимировна (1947–2021)



Заң ғылымдардың кандидаты, Қазақ КСР ағарту саласының озаты (1976) Эстония Республикасының Пярну қ. дүниеге келген.

1961–1965 жж. – Меңдіқара педучилищесінің (қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы Рудный элеуметтік-гуманитарлық колледжі) оқушысы. 1965–1967 жж. – Қостанай облысы Қырым ОМ мұғалімі. 1967 ж. – Ленинград облысы Громов ОМ мұғалімі. 1968–1969 жж. – Қостанай облысы Меңдіқара педучилищесінің комсомол комитетінің хатшысы. 1969–1971 жж. – Боровской аудандық комитетінің мектеп бөлімінің меңгерушісі,

Қазақстан ЛКЖО Қостанай облыстық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы. 1971–1973 жж. – Қазақстан ЛКЖО Боровской аудандық комитетінің бірінші хатшысы. 1973–1980 жж. – студенттер мен оқушы жастар бөлімінің, комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан ЛКЖО Қостанай обкомының хатшысы, екінші хатшысы. 1980–1986 жж. – Қостанай қалалық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі. 1986–1991 жж. – Қостанай облыстық атқару комитетінің хатшысы. 1991–1992 жж. – «Қостанайлизингинвест» АҚ бас директорының орынбасары. 1992–1994 жж. – «Қарлығаш» АҚ бас директоры.

1994–2012 жж. Қостанай облыстық мәслихатының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, басшының орынбасары, аппараттың басшысы.

Аудандық комитет, облыстық комитет, Қазақстан комсомолы орталық комитетінің, қалалық және облыстық партия комитетінің мүшесі, Қазақстанның халық бірлігі партиясының орталық кеңесінің мүшесі, қалалық, облыстық халық депутаттары кеңесінің депутаты. Қазақстан комсомолы 14-ші съезінің делегаты.

Людмила Мацупа 13 жылын комсомол жұмысына арнады, бастауыш ұйымның хатшысынан Қостанай облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысына дейін көтерілді. 1993 ж. Қазақстанның халық бірлігі партиясының облыстық филиалын басқарды. Бұдан кейін 18 жыл Қостанай облыстық мәслихаты аппаратының басшысы болып жұмыс істеді. «Қостанай облысы бойынша іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ атқарушы директоры және төрағасының орынбасары болды. 2005 ж. «Конституционно-правовые основы

деятельности маслихатов – местных представительных органов Республики Казахстан» диссертациясын қорғады. З. Алжамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінде оқытушы, заң пәндерінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

Людмила Мацупа 2021 жылдың 3 қаңтарында қайтыс болды.

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін Л. В. Мацупа «Құрмет белгісі» (1976), Халықтар достығы (1981) ордендерімен, бес медальмен, БЛКЖО ОК «Комсомолдағы белсенді жұмысы үшін» белгісімен марапатталған, Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі. «Ажар» Қазақстан әйелдері жетістіктеріне қоғамдық құрмет көрсету ұлттық сыйлығының иегері (2008).

2011 жылға дейінгі мәліметтерді «2012 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Людмила Мацупа [Мәтін] : Қостанай облыстық мәслихатының 1994–2012 жылдардағы аппарат басшысы // Сындаларлы шақта = Испытание временем / [бас ред. Ә. М. Дуанбаева ; аудармашы Л. Г. Әмірханова]. – Қостанай, 2014. – Б. 248–249.

2. Мацупа Людмила Владимировна [Мәтін] // 2012 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі. 39-шығ. / [құраст.: Б. М. Алкебаева, Ә. Р. Тәжекенова ; ред. В. Қ. Бексұлтанова]. – Қостанай, 2011. – Б. 28–29.

Мақалалар:

1. Жаны жайсаң жан еді... [Мәтін] : [қазанама (некролог) : қоғам қайраткері Людмила Владимировна Мацупа] / С. Е. Ещанов [және т. б.] // Қостанай таңы. – 2021. – 6 қаңтар. – Б. 11.

2. Көшелі істер ұйытқысы [Мәтін] : [мәслихаттардың құрылғанына – 20 жыл] / бетті дайындаған Нұрболат Мешітбаев ; суреттерді түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2014. – 5 ақпан. – Б. 1, 4.

3. Қонысбай, Кенже. Өнегемен өрнектелген өмір [Мәтін] : [кітаптың тұсаукесері] / Кенже Қонысбай ; суретті түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2015. – 4 қараша. – Б. 2.

ОРМАНОВ

Қуанышбай Төребекұлы (1942)



Журналист Жітіқара ауданының Мүктікөл аулында дүниеге келген.

Аудан орталығындағы орта мектепті бітірген соң, 1960 ж. Алматыдағы С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне оқуға түсті. Осында жүріп әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келді.

1968 ж. оқуын тәмамдаған соң, Алматы облысының «Радио және телевизия» басқармасына қызметке орналасты. Оның еңбек жолы осылай басталды.

1968–1991 жж. арасында Қазақ радиосының тілшісі, аға редакторы, меншікті тілшісі, бас редакторы, Бас директордың орынбасары, Қазақ радиосының Бас директоры, ҚазКСР Мемлекеттік телерадио комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін ойдағыдай атқарып, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ҚР Президенті мен Үкіметі Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің аға референті қызметіне шақырылды. Мұнда Қуанышбай Төребекұлы Қазақстанның ішкі саясатының қалыптасуына, Республиканың тәуелсіз баспасөзінің қаз тұруына, «Баспасөз туралы» алғашқы заңын дайындауға айтарлықтай үлес қосты. 1994 ж. Қуанышбай Төребекұлы өз қалауымен Қазақ радиосының Бас директоры қызметіне қайтып оралды.

1996 ж. сол кездегі облыс басшыларының арнайы шақыруымен Қостанай облыстық телерадио комитетінің төрағасы қызметіне келді. Қостанай облыстық телерадио компаниясының қаз тұрып, облыстық теледидардың облыстың шынайы өмір айнасына айналуына өз үлесін қосты.

2001 жылдан бастап облыс әкімінің кеңесшісі, облыстық ішкі саясат, тілдер басқармаларының бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Қуанышбай Орманов – қаламгерлікпен қоса ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шындап айналысқан адам. Ол осы уақытқа дейін ата-бабаларымыз ықылым заманнан бері мекен еткен ұлы даланың тарихы мен мәдениеті жайлы бірнеше еңбектер жазды. Соның ішіндегі көлемді де маңыздысы «Тұран өркениетінің ізімен» атты кітабы (2005). Бұл еңбек сол жылы облыс меценаттарының «Қазына» сыйлығына ие болды. Кейін осы кітаптың жалғасы іспетті мемлекеттік тапсырыспен «Ат жалындағы өркениет» еңбегі жазылды (2012).

Сондай-ақ жергілікті бірнеше ғалымдармен бірігіп ежелгі жер-су аттарын жаңғырту мақсатында жазылған «Қостанай-Торғай өңірінің тарихи

топономикасы» атты еңбек те бүгінгі және келешек ұрпақ үшін өте құнды дүние екені даусыз. Облыстың тарихына арналған «Алтын дала» кітабының жарық көруіне Қуанышбай Төребекұлы үлкен үлес қосты.

Олардан кейін Қуанышбай Төребекұлының: «Мен білетін Жітіқара», орыс тілінде «История родного края: события и судьбы», «Моя малая Родина – Житықара» тағы да басқа оншақты кітабы жарық көрді. Ол кісінің белгілі тарихшы Қойшығара Салғарамен бірлесе жазған «Жадында болсын, жас ұлан» деген еңбегі еліміздің болашағы – жастарды тәрбиелеуге қосқан үлес болып табылады.

Қ. Т. Ормановтың 2014 ж. жарық көрген «Ел мен жер және тұлғалар тарихы» (өлкетану оқулық құралы) деген оқу құралын қалың жұртшылық жылы қабылдады.

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына орай Қуанышбай Төребекұлы басқа да авторламен бірлесіп үш тілде «Біз Ыбырайды білеміз бе?» (2016) және «Жадында болсын, жасұлан, немесе тәрбие туралы ойлар» деген еңбектерді баспадан шығарды.

Осы ғылыми-зерттеу еңбектері үшін Ақтөбе және Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының «Құрметті профессоры» деген атағы берілді. Кенес дәуірінде «СССР құрметті радисі» (1990) деген атақ пен толып жатқан медальдерге ие болған. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001) мерекелік медалімен марапатталды. Бұлармен қоса Қуанышбай Төребекұлы ҚР-ның «Үздік өлкетанушысы» (2020), Жітіқара ауданының «Құрметті азаматы» (2021) деген атақтарға ие болды.

2016 жылға дейінгі мәліметтерді «2017 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

Оның редакциясымен шыққан еңбек:

Біз Ыбырайды білеміз бе? Ұлы ұстаз жайлы 50 сұраққа 50 жауап [Мәтін] = Знаем ли мы Ибрая Алтынсарина? 50 вопросов и 50 ответов = Do we know Ibrai Altynsarin? 50 questions and 50 answers / Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығы ; пікірін жазғандар: А. А. Әбсадықов, В. И. Жаркова ; құраст.: Қ. Т. Орманов [және т. б.]. – Қостанай : ҚМПИ, 2016. – 320 б.

Кітаптағы және мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Жағалбайлы [Мәтін] : [«Қыз Жібек» жыры туралы] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2018. – № 11. – Б. 136–146.

2. Жібек жолы [Мәтін] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2019. – № 9 – Б. 105–107.

3. Зайырлы мемлекет және дін мәселелері [Мәтін] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2020. – № 6. – Б. 26–36.

4. Қазақтың бас батырларының бірі – Тайлақ батыр [Мәтін] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2020. – № 3. – Б. 64–69.

5. Қарабалық атауының сыры көп [Мәтін] / Қ. Орманов // Қостанай таңы. – 2019. – 12 маусым. – Б. 9.
6. «Қос Шеген» [Мәтін] / Қуанышбай Төребекұлы Орманов // Қазақтың дәстүрлі сот жүйесі және Қостанай-Торғай өңірінің билері : ғылыми-практикалық кітап / [С. Әбдірахманов [және т. б.]]. – Қостанай, 2009. – Б. 112–121.
7. Қыз Жібек келін болып түскен жер [Мәтін] : [«Хан» тауы туралы] / Қ. Орманов // Егемен Қазақстан. – 2018. – 11 қазан. – Б. 9.
8. Оян, қазақ! [Мәтін] : [халықтың рухын ояту] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2017. – № 9. – Б. 38–43.
9. Түлетсек, күшейтсек... [Мәтін] : [Елбасының мақаласын талқылау] / Қ. Орманов // Қостанай таңы. – 2017. – 16 тамыз. – Б. 6.
10. Тың серпін берді [Мәтін] : [Елбасы мақаласы] / Қ. Орманов // Қостанай таңы. – 2017. – 7 маусым. – Б. 3.
11. Ұлы дала ұлдарын ұлықтайық [Мәтін] : [бабаларымызды] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2019. – № 9. – Б. 42–47.
12. Хан тауы [Мәтін] : [киелі жер туралы] / Қ. Орманов // Қостанай таңы. – 2018. – 30 қараша. – Б. 10.
13. Шырағыңды сөндірме [Мәтін] : (Ардагер естелігі) : [Серікбай Иткариннің] / жазып алған Қ. Орманов // Қостанай таңы. – 2018. – 31 қазан. – Б. 6.
14. Ыбырай және Ислам діні [Мәтін] : [ағартушы Ы. Алтынсариннің дінге деген көзқарасы] / Қ. Орманов // Ақиқат. – 2017. – № 11. – Б. 59–62.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Қуанышбай Төребекұлы Орманов [Мәтін] : [журналист] // Жітіқара ауданының «Оқитын өлке» жобасы = Проект «Читающий край» Житикаринского района / Жітіқара ауданыдық орталықтандырылған кітапхана жүйесі ; [жобаның басшысы Яковлева Р. А. ; ауд. Тутина Б. К.]. – Жітіқара, 2015. – Б. 23–24.
2. [Қуанышбай Төребекұлы Орманов] [Мәтін] : [журналист] // Қазақтың дәстүрлі сот жүйесі және Қостанай-Торғай өңірінің билері : ғылыми-практикалық кітап / [С. Әбдірахманов [және т. б.]]. – Қостанай, 2009. – Б. 112.
3. Орманов Қуанышбай Төребекұлы [Мәтін] // 2017 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі. 44-шығ. / [Л. Н. Толстой атындағы Қостанай ОӘФК, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; құраст.: Ә. Қ. Сәлібаева, Д. А. Жұмабаева, Ә. Р. Тәжікенова ; ред. Б. М. Әлкебаева]. – Қостанай, 2016. – Б. 69–72.
4. «Тағдыр мені маңдайымнан сипай қойған жоқ», – дейді қазақ еліне танымал қаламгер, өлкетанушы Қуанышбай Орманов [Мәтін] // Жақсанов, О. Театр және өмір / О. Жақсанов. – Қостанай, 2015. – Б. 225–231.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Байдалы, Рауан. Жер атауы жаңармай, ел жаңармайды [Мәтін] : [тарихи атауларды қайтару] / Р. Байдалы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 27 сәуір. – Б. 8.
2. Жақсанов, Оразалы. Абырой [Мәтін] : [журналист Қуаныш Орманов туралы] / О. Жақсанов // Ана тілі. – 2017. – 6–12 шілде. – Б. 8.
3. «Мақсат – өнерпаздардың еңсенін көтеру» [Мәтін] : [облыстық телерадиокомпания төрағасы Қуаныш Төребекұлы Ормановпен сұхбат] / әңгімелескен Д. Әбіш // Қостанай таңы. – 1999. – 12 ақпан. – Б. 2.

18 наурыз

80 ЖЫЛ

КОРОЛЁВА Тамара Михайловна (1942)



Педагог, Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі, мәдениет қызметкері Павлодар қ. дүниеге келген. 1960 ж. Семей қ. мектепті бітірді. 1964 ж. Н. К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Қостанай қ. № 20 мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеді.

1973–1975 жж. – № 18 ОМ сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырушысы.

1975–1980 жж. – № 10 ОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

1980–1994 жж. – № 15 ОМ аға тәлімгері, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырушы.

1994–1995 жж. – № 10 ОМ қайта құрылуына байланысты М. Горький атындағы мектеп-гимназияның сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарын ұйымдастырушы болып ауыстырылды.

1995–2005 жж. – Пионерлер және оқушылар сарайының қосымша білім беру бөлімінің меңгерушісі және педагогы.

2005 ж. – «Юность» мәдениет сарайының халықтың бос уақытын ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі.

45 жылдық еңбек өтілі бар педагог Тамара Михайловна Қазақстанның мәдени мұрасын белсенді насихаттап келеді, жас ұрпаққа Қазақстанның көрнекті мәдениет, өнер қайраткерлерін есте сақтауды және құрметтеуді үйретеді, олардың ісінен үлгі алуға шақырады.

Жүздеген ұлдар мен қыздар Королеваның «отаншылдық тәрбие мектебінен» өтті. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс істей отырып Тамара Михайловна үш жоба: «Музыкальная культура Казахстана», «Мы – дети Казахстана», «Мұрагер» кино клубын дайындады. Олардың мақсаты: қазақстандық отаншылдыққа, өз Отанына, халқына, тарихына, мәдениетіне, ұлттық өнеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Белсенді жұмысы үшін «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен (1970), Бүкілодақтық пионер ұйымы Орталық кеңесінің (1972), БЛКЖО ОК (1972, 1988) мерейтойлық белгілерімен, «100 лет ВЛКСМ» медалімен (2018) марапатталды.

Сынып жетекшілерінің қалалық секциясын өткізгені үшін Қостанай қалалық білім бөлімінен (1989), мүмкіндігі шектеулі адамдармен жүргізген көптеген жұмыстары үшін Қостанай қалалық ерікті мүгедектер қоғамынан (2006), «Железнодорожный» шағын ауданының ардагерлер кеңесінен (2007), фашистік лагерьлердің ардагер-тұтқындары қоғамынан (2007), Индустриялық-педагогикалық колледж ұжымынан (2007), фашистік лагерьлердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарының Қазақ одағының төрағасынан (2007), «Надежда» қорының балалары мен ата-аналары атынан (2007) алған Алғыс хаттары бар, сондай-ақ мектеп оқушыларын тәрбиелеудің оңтайлы технологияларын шығармашылық тұрғыдан тапқаны және тәрбие жұмысы үлгілерінің облыстық семинар-панорамасына белсенді қатысқаны үшін Дипломының иегері (1992).

1990 ж. ұзақ және адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

1992 ж. халыққа білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Аудандық кабинет меңгерушілерінің республикалық семинарын ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысқаны және озық тәжірибені насихаттағаны үшін Құрмет грамотасымен (1992), сондай-ақ қалалық әдістемелік конференцияны дайындауға және өткізуге белсенді қатысқаны үшін Құрмет грамотасымен (1993) марапатталды. 1995 ж. ҚР-ның жас ұрпағын тәрбиелеуге қосқан шығармашылық үлесі және жұмыстағы жоғары кәсіби шеберлігі үшін Грамотасын иеленді.

Тамара Михайловна 2016 жылдан бастап «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қостанай меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының «Ауыл жанашыры» номинациясы бойынша лауреаты (2009).

2021 ж. «Еңбек даңқы» медалімен марапатталды.

Т. М. Королева – жастардың тәлімгері. Оның қиялы, жаңа шығармашылық жасалымдары мен технологиялары авторлық жобаларды жүзеге асыруға көмектеседі. Шаршауды білмейтін бұл адам қызықты идеяларды іздеуін ешқашан тоқтатқан емес. Ол қашанда Қостанай мен облыстың мәдени өмірінің алдыңғы қатарында жүреді.

Ол туралы мақалалар:

1. Жақсанов, О. Қазақтың бір қызындай болып кеткен [Мәтін] : Тамара Королеваның іскерлік, адамгершілік, ізденгіштік қасиеттері хақында / О. Жақсанов // Қостанай. – 2008. – 23 қыркүйек. – Б. 8.
2. Жақсанов, О. Ойы сергектің – бойы сергек [Мәтін] : Өмірінде дәрігерге қаралып көрмеген морж Тамара Королева едәуір жас көрінеді / О. Жақсанов ; сурет кейіпкер архивінен алынды // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2016. – 9 тамыз. – Б. 8.
3. Жақсанов, О. Өмірде дәрі ішпеген адам [Мәтін] : Қостанайлық морж Тамара Королеваның ғұмыры баршаға үлгі / О. Жақсанов ; сурет отбасылық альбомнан алынды // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2018. – 26 маусым. – Б. 8
4. Жүзбай, Айбек. Отбасы күнін атап өтті [Мәтін] / Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2009. – 19 мамыр. – Б. 2.
5. Оспанова, Қарлығаш. Қанат берген «Қазына» мен «Шабыт» [Мәтін] : [обл. меценаттар клубының сыйлықтары] / Қалығаш Оспанова ; суреттерді түсірген Қ. Бейсенов // Қостанай таңы. – 2009. – 31 желтоқсан. – Б. 1, 6.
6. Севостьянова, Е. «Өзіңдегі өнерді сүй» [Мәтін] : [Н. Островский атындағы қалалық кітапханада мәдениет қызметкері Тамара Михайловна Королевамен кездесу кеші өтті] / Е. Севостьянова, Б. Дүйсембаева // Мәдениет. – 2021. – № 7. – Б. 58–59.

30 наурыз

75 жыл

ЕСТАЕВ Ибраш Естайұлы (1947)



Ауыл шаруашылығы саласының маманы, ҚР-ның білім беру ісінің үздігі, экономика ғыл. кандидаты (2009), меценат, кәсіпкер, академик З. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының профессоры Қамысты ауд. Бестау а. дүниеге келген.

Қостанай ауылшаруашылық техникумында оқыды. Троицк қаласындағы ветеринариялық институтын бітіріп, «Ветеринариялық дәрігер» мамандығын алып шықты.

1968 ж. Қостанай облысы Қамысты ауданының

Құндызды кеншарының ветеринар-дәрігері болып бастады. Бестауда отыз жылға жуық уақыт үзіліссіз қызмет атқарды. Қатардағы мал дәрігері, бөлімше басқарушысы, бас мал дәрігері (1972–1985).

1982 ж. – Целиноград қаласында шаруашылықтың болашақ директорларының алты айлық курсы бітіріп шықты. Кейін 1991 ж. аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басқарудың Республикалық жоғары мектебінде оқыды.

1985 жылдан 1997 жылға дейін Қамысты ауданындағы Бестау кеңшарының директоры қызметін атқарды. Ол директор болған жылдары ауылдағы 25–27 мың гектардай ғана егістік жерінің көлемін 70 мыңға дейін көбейтті.

1998 ж. Қостанай ауданында «Естаев» шаруа қожалығын ұйымдастырды.

2009 ж. Алматыдағы агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық ғылыми-зерттеу институтында кандидаттық диссертация қорғады. Диссертацияның тақырыбы «Қостанай облысында нарық жағдайында фермерлік-шаруа қожалығының экономикалық негізі».

Қостанай облыстық мәслихатының депутаттығына екі рет сайланды. Қостанай облыстық мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі. «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының, қоғамдық және этносаралық келісім мәселелері жөніндегі партияаралық ынтымақтастықтың депутаттық тобының мүшесі. Үнемі өз сайлаушыларымен кездесіп, дәйекті түрде олардың алға қойған мәселелерін орындау жолында жұмыс жасап, шешуге тырысты.

«Нұр Отан» партиясының ХҮІІ съезінің делегаты (2016).

«Парасат» (2011) және «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» (2005), «Еңбек ардагері» (2016) «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» (1985) медальдарымен және «Тыңға 50 жыл» (2004), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011), «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл» (2014), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» (2016), «Қостанай облысына 80 жыл» (2016) мерекелік медальдарымен, көптеген грамоталармен марапатталған.

«Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымының» қоғамдық бірлестігінің құрметті ардагері (2015). «Еңбек даңқы» белгісінің және «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісінің иегері.

2018 ж. «Қазақстанның құрметті азаматы» орденімен және «Ұлт мақтанышы» медалімен марапатталды. Оған бұл атақ елдің дамуына қосқан үлесі әрі саладағы кәсіби жетістіктері үшін беріліп отыр.

2016 жылға дейінгі мәліметтерді «Диқандықты мұрат тұтқан» библиогр. көрсеткіштен қараңыз.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Атадан қалған аманат [Мәтін] : [жер мәселесі туралы] / Ибраш Естаев // Қостанай таңы. – 2021. – 16 сәуір. – Б. 4.

2. Дамудың даңғыл жолына бастаған [Мәтін] : [ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев туралы] / Ибраш Естаев // Қостанай таңы. – 2019. – 26 маусым. – Б. 3.

3. Ел сенімін ақтау – абыройлы іс [Мәтін] : [«Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVII съезінің делегаттар лебізі] / дайындаған Жолдыбай Базар // Егемен Қазақстан. – 2016. – 29 қаңтар. – Б. 3.

4. Жаңа технология – жетістіктің кілті [Мәтін] : [Елбасы Жолдауы] / Ибраш Естаев // Арна. – 2018. – 1 ақпан. – Б. 7.

Ол туралы әдебиет:

Дикандықты мұрат тұтқан [Мәтін] : кәсіпкер, ғалым Ибраш Естаевтың 70 жасқа толуына орай : библиогр. көрсеткіш = к 70-летию предпринимателя, ученого Ибраша Естаева : библиогр. указ. / Л. Н. Толстой атындағы Қостанай әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; [кұраст., жауапты ред. Б. М. Әлкебаева ; ред. Д. Т. Дүйсебаева]. – Қостанай, 2017. – 20 б.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Әлім, Қайсар. Есіңде ме, Ибраш?! [Мәтін] : [диканшы И. Естаев туралы] / Қайсар Әлім // Қостанай таңы. – 2017. – 31 наурыз. – Б. 3.

2. Бестауда туған ер [Мәтін] : [Ибраш Естаев туралы] / бетті дайындаған Бақыт Тұраш // Қостанай-АГРО. – 2020. – 24 қыркүйек. – Б. 17.

3. Еңбегіне қарай зейнеті [Мәтін] : [ауыл шаруашылығы қызметкерлерін марапаттау] / (ҚазТАГ) // Егемен Қазақстан. – 1992. – 14 қараша. – Б. 1.

4. Қанғожин, Аслан. Еңбегі еленген ер [Мәтін] : [экономика ғыл. канд. И. Естаевпен сұхбат] / Аслан Қанғожин // Арна. – 2018. – 12 шілде. – Б. 5.

5. Қойшыманов, Қасқырбай. Ибраш Естаев – Қазақстанның құрметті азаматы [Мәтін] / Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2018. – 20 шілде. – Б. 5.

6. Нүсіпханұлы, Тұрсынмәмет. Қара жерден қадір қашып барады [Мәтін] : [ауылшаруашылық мақсатындағы жерді тиімді пайдалану мәселесі туралы дикандармен сұхбат] / Тұрсынмәмет Нүсіпханұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 5 маусым. – Б. 4.

7. Перзенттік парызға адалдық [Мәтін] : немесе ұлтжанды азамат, белгілі кәсіпкер Ибраш Естаевпен сырласу / әңгімелескен Оразалы Жақсанов ; сурет ғаламтордан алынды // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2017. – 11 сәуір. – Б. 7.

8. Сақұлова, Ақбота. Ибраш Естаев – 70 жаста! [Мәтін] : [кітапхана шарасы] / Ақбота Сақұлова ; суреттерді түсірген автор // Қостанай-АГРО. – 2017. – 25 мая. – С. 15.

9. Туған жерге туын тіккен азамат [Мәтін] : немесе өңірді өркендетуге үлес қосып жүрген ұлтжанды азамат, қостанайлық белгілі кәсіпкер Ибраш Естаевпен сырласу / әңгімелескен Оразалы Жақсанов // Қазақ. – 2017. – 18 тамыз. – Б. 7.

10. Шәкірұлы, Жолдыбай. Азамат болса, ауылымды дұрыстар [Мәтін] : [жазылған жайдың жалғасы] / Жолдыбай Шәкірұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 14 ақпан. – Б. 8.

11. Ыбырай, Әлібек. Абыройға бөленді [Мәтін] : [«Ұлт мақтанышы»

медалімен И. Естаев марапатталды] / Әлібек Ыбырай // Қостанай таңы. – 2018. – 27 ақпан. – Б. 4.

12. Ыбырай, Әлібек. Елуінші егіс науқаны [Мәтін] : [кәсіпкер Ибраш Естаев туралы] / Әлібек Ыбырай // Қостанай таңы. – 2021. – 12 мамыр. – Б. 5.

13. Ыбырай, Әлібек. Қамба қызылға толатын күн алыс емес [Мәтін] : Қостанайда республикалық агрокеңес өтті. Оның жұмысына ҚР ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов қатысты / Әлібек Ыбырай ; суреттерді түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2017. – 18 тамыз. – Б. 1, 3.

14. Ыбырай, Әлібек. Өрелі іс өрге бастырады [Мәтін] : [кәсіпкер Ибраш Естаев туралы] / Әлібек Ыбырай // Қостанай таңы. – 2019. – 20 қыркүйек. – Б. 4.

5 сәуір

75 ЖЫЛ

ҚАЛДЫБАЕВ Сафар Әбдіғалиұлы (1947)



Философия ғылымдардың докторы, профессор Оңтүстік Сахалин обл. Поронай ауд. Хоэ а. дүниеге келген. Біраз уақыттан кейін ата-анасы Семиозер (қазіргі Әулікөл) ауданына көшіп келді. Мектепті бітіргеннен кейін Қостанай педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түсті. Кейін В. И. Ленин атындағы ҚазПТИ философия кафедрасының аспиранты болды.

Лауазымдық сатылары: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ заң факультетінің аға оқытушысы, доценті, философия кафедра меңгерушісі, тарих және педагогика факультетінің деканы, ректоры, деканы; Қостанай заң институты басшысының ғылым жөніндегі орынбасары, Қостанай мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ философия кафедрасының меңгерушісі.

Сафар Әбдіғалиұлының ғылыми жетекшілігімен республикада әлеуметтік-философиялық мәселелерді зерттеу саласында белгілі ғылыми бағыт қалыптасты. Бұл бағыттың тақырыбы еуразияшылдық, ұлт және ұлттық сана, қоғамдық сана, тарих философиясы мәселелерін зерттеумен байланысты. 1975 ж. кандидаттық диссертация қорғады, 1991 ж. ғылым докторы, 1993 жылдан профессор болды.

С. Қалдыбаев 11 ғылыми монографияның және 200-ден астам ғылыми мақалалардың, оқу-әдістемелік жұмыстардың авторы. Оның жетекшілігімен 8 кандидаттық және 14-тен астам магистрлік диссертация қорғалды.

«Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2017), «Ыбырай Алтынсарин» (2010), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2002) төсбелгілерімен марапатталған. «Ғылым» номинациясы бойынша Меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты (2010, 2016). Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚӨУ құрметті профессоры (2019) және т. б. марапаттары бар.

Кітаптағы жарияланымы:

Қостанай жері: тұлғалар, оқиғалар, фактілер [Электрондық ресурс] = Костанайская земля: люди, события, факты : Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған жинақ = сборник, посвящ. 25-летию Независимости Республики Казахстан и 80-летию Костанайской области / А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті. – Қостанай : А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 2016. – 1 электр. опт. диск (DVD).

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Бұл – заңдылық! [Мәтін] : [Қазақстан дамуы] / С. Қалдыбаев // Егемен Қазақстан. – 2013. – 10 қыркүйек. – Б. 1.

2. Ортаға салар ой [Мәтін] : [тарихты зерттеу] / С. Қалдыбаев // Егемен Қазақстан. – 2013. – 4 желтоқсан. – Б. 6.

3. Ұстаз шәкірттерімен мықты [Мәтін] : [ұстаз Туманшин Қаһарман Мәкәрімұлы туралы ой] / С. Қалдыбаев, Қ. Жақып // Қостанай таңы. – 2012. – 25 сәуір. – Б. 6.

4. Ұстаздардың ұстазы [Мәтін] : [Алтынсарин оқулары-2009] / С. Қалдыбаев // Жас өркен Қостанай. – 2009. – № 4. – Б. 2–3.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Қалдыбаев Сапар Әбдіғалиұлы [Мәтін] // Қазақстан ғалымдары : энцикл. анықтамалық : Т. 2 : Қ – Я / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – Б. 22.

2. Қалдыбаев Сапар Әбдіғалиұлы [Мәтін] // Қазақстан ғылымы : энциклопедия : Т. 2 : Қ – Я / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2010. – Б. 65.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Әбіш, Дәмер. Сергей Кулагин: «Таланттарға қолдау көрсету керек» [Мәтін] : Меценаттар клубының «Қазына» және «Шабьт» сыйлықтары табыс етілді / Дәмер Әбіш ; суреттерді түсірген Қ. Бейсенов // Қостанай таңы. – 2010. – 30 қараша. – Б. 1, 2.

2. Әлемді ақылға шақырған әділ сөз [Мәтін] : [ғалым Сафар Қолдыбаевпен сұхбат] / әңгімелескен Нәзира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2016. – 12 сәуір. – Б. 6.

3. Әлібекұлы, Ж. Ұлттар достығы – басты байлығымыз [Мәтін] : [ауд. орталық кітапханада семинар өтті] / Ж. Әлібекұлы // Қарасу өңірі. – 2012. – 4 шілде. – Б. 3.

4. Ғалымның жаңа кітабы [Мәтін] : Ол оқырмандарға терең ой салды / бетті дайындаған Ақбота Болатбекқызы // Наш Костанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2016. – 29 наурыз. – Б. 5.

5. Еңбегі ерен Елбасы [Мәтін] : [Президент туралы пікірлер] / бетті дайындаған Аслан Жақсылықұлы // Костанай-АГРО. – 2013. – 28 қараша. – Б. 11.

6. Ерболатқызы, Ж. Ұлы тұлғаға арналады [Мәтін] : [Дінмұхамед Қонаевтың 100 жылдық мерейтойына орай] / Ж. Ерболатқызы // Костанай. – («Қостанай» қосымшасы). – 2012. – 3 сәуір. – Б. 6.

7. Ибраев, Әлібек. Тарихи философия туралы туынды [Мәтін] : [жаңа кітап] / Әлібек Ибраев ; суретті түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2014. – 24 қаңтар. – Б. 2.

8. Қойшыманов, Қасқырбай. Шабытты шалқытқын [Мәтін] : шарапатты шара жалғасын тапты / Қасқырбай Қойшыманов ; суреттерді түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2016. – 8 сәуір. – Б. 2.

9. Қоңқабаева, Ш. Құттықтаймыз! [Мәтін] : педагог және ғалым Сапар Қалдыбаев – 60 жаста / Ш. Қоңқабаева // Қостанай таңы. – 2007. – 3 сәуір. – Б. 7.

10. Құлабаев, Нұрқанат. Ассамблея туралы ашық дәріс [Мәтін] / Нұрқанат Құлабаев // Қостанай таңы. – 2020. – 25 ақпан. – Б. 2.

7 сәуір

75 жыл

Жаркова Валентина Ивановна (1947)



Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Рыспай а. дүниеге келген. 1961 ж. Нечаев орта мектебінде 7 сыныпты бітірді, сол жылы Боровской педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, үздік бітірді.

1965 ж. Қостанай педагогикалық институтына «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсті, оны ол 1969 ж. үздік бітірді.

1969–1973 жж. – Қостанай қаласындағы № 10 мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

1973 ж. тамызда оны КСРО-ның 50 жылдығы атындағы Қостанай педагогикалық институтының әдебиет кафедрасының оқытушысына конкурстық негізде қабылдайды.

1977 жылдың қазанынан 1978 жылдың қыркүйегіне дейін А. И. Герцен атындағы Ленинград мемлекеттік педагогикалық институтының кафедрасында тағылымдамадан өтті. Ол диссертациясын 1981 жылдың 18 маусымында мерзімінен бұрын қорғады, доцент (1981 жылдан). Аспирантураны бітірген соң Қостанай педагогикалық институтының орыс және шетел әдебиеті кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеді.

1982 жылдың тамыз айынан бастап филология факультетінің деканы қызметін атқарды.

1984 жылдың желтоқсанында ол конкурс бойынша орыс және шетел әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып сайланды.

1994 жылдың қаңтарында орыс филологиясы факультетінің деканы болып тағайындалды.

2003 жылдың қаңтарында Қазақ және орыс филологиясы институты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне ауыстырылды.

2004 жылдың маусымында ҚМПИ-дің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры болып тағайындалды.

Валентина Ивановна Жаркова – 62 жарияланымның авторы. «Қазақстанның іскер әйелдері» анықтамалығына «Білім» аталымы бойынша жеңімпаз ретінде енген (1999). Қостанай облысы меценаттар клубының тәуелсіз комиссиясының тұрақты мүшесі болды.

2008 ж. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», ал 2009 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды.

В. И. Жаркованың редакциялығымен шыққан кітап:

Біз Ыбырайды білеміз бе? [Мәтін] : Ұлы ұстаз жайлы 50 сұраққа 50 жауап / Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығы ; пікірін жазғандар : А. А. Әбсадықов, В. И. Жаркова ; құраст.: Қ. Т. Орманов [және т. б.]. – Қостанай : ҚМПИ, 2016. – 320 б.

Ол туралы мақала:

Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін [Мәтін] : [филология ғыл. канд. В. Жаркова мен философия ғыл. канд. Қ. Жақып төсбелгімен марапатталды] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2009. – 15 сәуір. – Б. 2.

12 сәуір

Құрылғанына
50 жыл

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты (1972)



Педагогикалық институттың құрылу тарихы Арқалық қаласының тарихымен тығыз байланысты.

1956 жылдан 1970 жылға дейін шағын аудан болып келген Арқалық қаласы облыс

көлеміндегі қала деңгейіне көтерілді.

1970 жылдың 23 қарашысында Торғай облысы құрылып, оның орталығы Арқалық қаласы болды.

Облыс көлеміндегі жалпы орта білім беретін мектептерді мұғалім кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1972 жылғы 12 сәуіріндегі № 220 қаулысы бойынша Арқалық қаласында педагогикалық институты құрылды.

1972 жылдың 7 маусымында Қазақ КСР Білім беру министрі К. Айманов 1972–1973 оқу жылына 19 адамнан тұратын институттың штаттық кестесін бекітті.

1977 ж. Арқалық педагогикалық институтына Ыбырай Алтынсариннің есімі берілді. 1973 жылдың желтоқсан айында институттың жарғысы бекітілді.

Ал 1972 ж. физика-математика факультеті, марксизм-ленинизм кафедрасы, орыс тілі мен әдебиет, педагогика және психология факультеттері құрылса, 1983 ж. көркем-графика факультеті, 1985 ж. биология-химия факультеті ашылды.

1974 ж. 9 сәуіріндегі Қазақ ССР Ағарту министрінің бұйрығымен орыс тілі және әдебиет кафедрасы 2 кафедраға бөлінді: тілдер кафедрасы және орыс және шетел әдебиеті кафедрасына.

1974 жылдың қазанында педагогика және психология кафедрасы 3 жеке кафедраларға бөлінді: педагогика және психология кафедрасы, азаматтық қорғаныс және дене тәрбиесі кафедралары.

1976 жылдың 20 қазанында институт ректоры О. М. Төлегенов пен педагогика және психология кафедрасының доценті Ә. Ламашевтің басшылығымен, педагогикалық ұжымның қолдауымен, институт базасында Ы. Алтынсариннің мемориалдық-педагогикалық мұражайын құру жұмысы басталды. Алтынсарин атындағы мұражайда ұлы ұстаз-ағартушының қызметі мен өмірін баяндайтын құнды құжаттар, Торғай жерінде ағарту ісінің тарихы және дамуын баяндайтын құжаттар жинақталған. Тарихи өлкеміздің өткені мен бүгінгісінен сыр шертіп, келешегіне жол сілтейтін туған жеріміздегі білім, ғылым мен мәдениеттің тұнық бастауы, алтын ұя шежіре әліппесіндей тарихи-педагогикалық мұражай 2007 ж. қалпына келтіріліп, жаңаша деңгейде бас ғимаратта ашылды.

Материалдық базаның, оқу-әдістемелік қоры, профессорлық-оқытушылық құрамның қалыптасуы мен нығаюына Абай атындағы қазақ педагогикалық институты, Ақмола және Қостанай педагогикалық институттары, сонымен қатар Алматы шет тілдер институты қамтамасыз етті. К. Д. Ушинский атындағы Ярославль педагогикалық институты алғашқылардың бірі болып қамқорлыққа алды, көптеген жылдар бойы қажетті көмек көрсетті.

Білім мен тәрбиенің ордасы – Ы. Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тұңғыш ректоры Мырзағали Отарұлы Төлегеновтің есімін есте қалдыру мақсатында қала әкімшілігі мен институт басшылары тарапынан бірқатар игі шаралар іске асырылды. Атап айтқанда, Арқалық қаласында өзі тұрған үйінің көшесіне профессор М. О. Төлегеновтың аты берілсе, институттағы үлкен дәрісхана оның есімімен аталып, өзі жұмыс істеген кабинетінің алдына ескерткіш тақта қойылды. Ыстығы мен суығына төзіп, өзі негізін қалаған институтта орналасқан ғимараттың қабырғасына мүсіні салынған мемориалдық тақта орнатылды.

Сол секілді Ы. Алтынсарин мұражайында М. О. Төлегеновтың өнегелі өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін фотосуреттер мен құнды құжаттар кеңінен орын алған.

Әдебиеттер:

1. Арқалық педагогика институты [Мәтін] // Қазақ ССР : 4 томдық қысқаша энцикл. / бас ред. М. Қ. Қозыбаев. – Алматы, 1984. – Т. 3. – Б. 83.
2. Арқалық педагогикалық институты [Мәтін] // Торғай елі : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 61–62.
3. Күзембаев, К. Арқалық педагогика институты [Мәтін] / К. Күзембаев // Қазақстан : ұлттық энцикл. : 10 т. Т. 1 : А – Ә / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998. – Б. 438.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты [Мәтін] // «Мир, в котором я живу». Т. 1 : «Арқалық – город сильных и стойких духом людей» : детская энцикл. / Е. С. Цвентух. – Арқалық, 2003. – Б. 213–215.

Мақалалар:

1. Абдуллина, Ардақ. Ағартушы ұстаздың әдеби еңбектерінің жинағы – «Қазақ хрестоматиясы» [Мәтін] : [ағартушы педагог Ы. Алтынсариннің 175 жылдығы] / Ардақ Абдуллина // Торғай. – 2016. – 14 қазан. – Б. 3.
2. Айқадамова Айтолқын. Қайта қауышу [Мәтін] : [Арқалық мем. пединститутының көркем-сурет факультетінің 35-жылдығына арналған көрме суреті ашылды] / Айтолқын Айқадамова ; суретті түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2014. – 14 мамыр. – Б. 2.
3. Алтынсарин аманатына адалдық [Мәтін] : [ғалым Сейітбек Қуанышбаевпен сұхбат] / сұхбаттасқан Елдос Тоқтарбай // Ана тілі. – 2014. – 11–17 қыркүйек. – Б. 9.

4. Ахметова, Пернекүл. Сыйлы ағамыз еді [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы мем. пед. институтының тұңғыш ректоры Мырзағали Отарұлы] / Пернекүл Ахметова // Арқалық хабары. – 2010. – 10 желтоқсан. – Б. 5.
5. Байділдин, Шөптібай. Ұлы ағартушы мұражайында [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы тарихи пед. мұражай] / Шөптібай Байділдин // Қостанай таңы. – 2009. – 29 шілде. – Б. 6.
6. Биғалиұлы, Рашит. Мерзекенмен бірге болған кездер [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы мем. пед. институтының тұңғыш ректоры Мырзағали Отарұлы] / Рашит Биғалиұлы // Арқалық хабары. – 2010. – 10 желтоқсан. – Б. 4.
7. Ерденова, Гүлдана. Қош бол, АрқМПИ! [Мәтін] / Гүлдана Ерденова // Арқалық хабары. – 2016. – 30 желтоқсан. – Б. 3.
8. Жалайыр, Қуат. АрқМПИ республикада топжарды [Мәтін] : [респ. І ұлттық студенттік слет өтті] / Қуат Жалайыр // Торғай. – 2012. – Б. 3.
9. Жүнісұлы, Жақсылық. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының деканы Ғалия Баймадиева: Бақыт қонды басымызға [Мәтін] : [деканмен сұхбат] / Жақсылық Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 30 маусым. – Б. 8.
10. Жүнісұлы, Мұрат. «АрқМПИ-ға» – 45 жыл [Мәтін] : [Арқалық мем. педагогикалық ин-ты] / Мұрат Жүнісұлы ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2017. – 16 мамыр. – Б. 5.
11. Жүнісұлы, Мұрат. «Бабалар ізімен» экспедициясы / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 16 мамыр. – Б. 4.
12. Қағазбаева, Әспет Мақсат – білім сапасын арттыру [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мем. педагогикалық ин-ты туралы] / Әспет Қағазбаева // Егемен Қазақстан. – 2005. – 14 қазан. – Б. 5.
13. Қуанышбаев, Сейітбек. Дарын – болашақтың үміті [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық пед. ин-ты туралы] / Сейітбек Қуанышбаев // Арқалық хабары. – 2013. – 8 ақпан. – Б. 6.
14. Қуанышбаев, Сейітбек. Қала және институт [Мәтін] : [пед. институт туралы] / Сейітбек Қуанышбаев // Торғай. – 2015. – 23 қазан. – Б. 3.
15. Қуанышбаев, Сейітбек. Ыбырай ұлағаттары – болашақ жолы [Мәтін] : [институт жетістіктері жайында] / Сейітбек Қуанышбаев // Торғай. – 2016. – 14 қазан. – Б. 3.
16. Мұхитұлы, Ғабит. Тиімді әдіс баршаға ортақ [Мәтін] : [институттағы онлайн семинар] / Ғабит Мұхитұлы // Арқалық хабары. – 2017. – 20 қазан. – Б. 3.
17. Мұхитұлы, Ғабит. «Төлегенов» оқулары жалғасын тапты [Мәтін] : [ғалым Мырзағали Отарұлы Төлегеновке арналған конф.] / Ғабит Мұхитұлы // Торғай. – 2017. – 21 сәуір. – Б. 3.
18. Нұрманов, Қаратай. Шоқтығы биік ғалым, ұлтжанды қайраткер [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы мем. пед. институтының тұңғыш ректоры Мырзағали Отарұлы] / Қаратай Нұрманов // Арқалық хабары. – 2010. – 10 желтоқсан. – Б. 5.
19. Өтеулі, Мақсат. Менің таңдауым – тарихшы болу... / Мақсат Өтеулі // Арқалық хабары. – 2016. – 20 мамыр. – Б. 4.

20. Педагогика және филология факультеті – институт жүрегі [Мәтін] : [пед. институтының факультеті туралы] / [газ. ред.] // Торғай. – 2014. – 23 мамыр. – Б. 4.

21. Сәрсекей, Гүлбану. «Тарихи Торғай» – ел шежіресі [Мәтін] : кітап әлемінде / Гүлбану Сәрсекей // Қостанай таңы. – 2014. – 15 қазан. – Б. 12.

22. Сейтбекова, А. Торғай төріндегі білім ордасы [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ин-ты туралы] / А. Сейтбекова // Торғай. – 2017. – 21 сәуір. – Б. 3.

23. Тоқтарбаев, Елдос. Ыбырай салған ізбенен... [Мәтін] : [Арқалық мем. педагогикалық ин-ты] / Елдос Тоқтарбаев // Қазақ. – 2012. – 1–8 маусым. – Б. 7.

24. Төлегенова, Жансая. Институттың іргетасын қалаған [Мәтін] : [Арқалық мем. пед. институтының алғашқы ректоры М. О. Төлегенов туралы] / Жансая Төлегенова // Арқалық хабары. – 2011. – 15 сәуір. – Б. 4.

25. «Түлектеріміздің 70 пайызы жұмыспен қамтылады» [Мәтін] : [пед. институтының тарих және өнер факультеті деканы Гүлбаршын Конкинамен әңгіме] / әңгімелескен Қайрат Есмағанбетов // Торғай. – 2014. – 1 мамыр. – Б. 5.

26. Үздік ғылыми жұмыстар үшін АрқМПИ Ректорының сыйлығы [Мәтін] / [газ. ред.] // Арқалық хабары. – 2017. – 21 сәуір. – Б. 8.

27. Шаймарданов, Ж. К. Ыбырай салған сара жол... [Мәтін] : [ағартушы педагог Ы. Алтынсарин] / Ж. Қ. Шаймарданов // Арқалық хабары. – 2009. – 23 қазан. – Б. 5.

16 сәуір

**Ашылғанына
100 жыл**

Облыстық орыс драма театры (1922)



Өзінің ғимараты бар тұңғыш репертуарлық театр 1922 жылдың сәуір айында ашылды. Бұған дейін Қостанай қаласында спектакльдер Халық үйі, училище мен әйелдер гимназиясында өткізілетін.

1922–1923 жылдардағы мұрағат құжаттарында Қостанай театрының болғаны жазылады.

1922 ж. 16 сәуірде театр өз шымылдығын украин тілінде қойылған «Бувальщина» спектаклімен ашты. Алғашқы жылдары орыс және украин труппасы жұмыс істеді. Сондықтан да театр репертуарында украин классикасы көбірек орын алды. Алайда оның тұрақты труппасы болмаған. Тек 1937 ж. ғана театр труппасы қайта құрылып, актерлер құрамы қалыптасты.

1936 ж. дейін «губерниялық», «қалалық», «қалалық кеңес» театры болып аталды. 1936 ж. театр облыстық орыс драма театрына айналды. Ал 1965 ж. оған А. М. Горький есімі берілді.

Соғыс жылдары театр көрерменінің саны күрт өсіп, бір жарым есеге артқан. Соғыстан кейінгі кезең мен тың игеру кезінде де театрдың жұмысы жандана түсті.

Қостанай облысы әкімінің М. Горький атындағы облыстық театр мен облыстық қуыршақ театрын біріктіру туралы 1999 ж. 18.02. № 37 шешімімен 1999 ж. 20.04. бастап Қостанай облыстық орыс драма және қуыршақ театры жұмысын бастады. Қазақстандағы жанры мен бағыты бойынша мүлдем басқа екі шығармашылық ұжымның бірегей одағы Қостанай облыстық драма және қуыршақ театры мәртебесіне ие болды.

2012 ж. әкімдіктің «Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық орыс драма және қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» шешімімен Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық орыс драма театры» КМҚК құрылды.

Театр ТМД елдерінің режиссерлерімен тығыз байланыс орнатқан. Түрлі фестивальдерге белсене қатысады. Бірқатар грамота және дипломдармен марапатталған.

Театр ұжымы Астана, Челябинь, Пермь, Алматы, Қарағанды және өзге де қаладағы көрермен қошеметіне бөленген.

Өнер ордасы әртістерінің кәсіби шеберлігі республикалық, халықаралық фестивальдерде оң бағаға ие болған. 1995 ж. Абайдың 150 жылдығына арналған IV республикалық театр байқауында «Абай» спектаклі I орынды иеленді. 1999 ж. А. Дударевтің «Сумерки» спектаклі Қарағандыдағы VII театр фестивалінде I орынға лайық деп табылды.

2002 ж. Павлодардағы X театр фестивалінде П. Шеффердің «Амадей» қойылымы көрермен таңдауы аталымында жеңіске жетті. 2007 ж. Астанадағы XV театр фестивалінде М. Ладонның «Очень простая история» қойылымы «Үздік қойылым және сахнада жастар мәселесін шебер көрсеткені үшін» сыйлығымен марапатталды.

2009 ж. Т. Әбдіктің «Нас было трое» спектаклі Қарағандыда өткен XVII театр фестивалінде «Заманауи қазақ драматургиясын табысты меңгергені үшін» дипломымен марапатталды.

Театр талай мәрте Ресейдегі «СНЕLOBEK ТЕАТРА» халықаралық театр фестивалінің лауреаты атанады. 2016 ж. «Достық көпірі» халықаралық фестиваліне қатысты (Йошкар-Ола, РФ, Марий Эл республикасы). Оның қорытындысы бойынша театр екі аталымда дипломмен марапатталды.

2015 және 2017 жылдары театр ұжымы гастрольдік сапармен Израильде болды. Нәтижесінде «Театральный дивертисмент» фестивалінің лауреаты дипломын иеленді. Израильдің театр фестиваліне тұрақты шақырту алды.

2019 ж. тамызында театр ҚР-ның (Қостанай) этникалық театрларының V республикалық фестиваліне қатысып, «Панночка» спектаклін ұсынды. Фестиваль қорытындысы бойынша Олег Смирнов «Екінші пландағы үздік ер

адам рөлі үшін» номинациясын, ал театр «Үздік сценография» номинациясын жеңіп алды.

2019 ж. наурызында театр «Женитьба Бальзамина» спектаклін ұсына отырып Саран қ. (Мордовия) «Соотечественники» фестиваліне қатысқаны үшін фестиваль лауреаты дипломын және мәдениет министрінің грамотасын алды.

2021 ж. театр «Монокль» моноспектакльдердің XII халықаралық театр фестивалінің дипломанты (Санкт-Петербург), «Свой» ашық театр фестивалінің II дәрежелі лауреаты (Екатеринбург), Юлия Кудряшованың орындауында режиссер Дина Жұмабаеваның «Одного кто знает?!» монодрамасымен «SOLO» халықаралық моноспектакльдер фестивалінің дипломанты (Мәскеу) болды.

Бүгінгі күні ҚР еңбек сіңірген әртістері Антонина Олейникова, Раиса Полухина, Валентина Битюкова, Любовь Ромадина өз дарындары мен шеберліктерін көрерменге тарту етіп жүр. Театрдың жетекші әртістері: Наталья Дедюх, Олег Смирнов, Олег Бабанов, Анна Удесиани, Юлия Кудряшова, Ольга Муляк, Александра Зинкова, Виталий Одинец, сондай-ақ Құдайберген Айдосов, Сергей Щербинин, Руслан Бушинский сияқты көптеген жас талантты актерлер қостанайлық көрермендердің сүйіспеншілігі пен құрметке ие болды.

Егер репертуар туралы айтатын болсақ, театрда заманауи пьесалар да («Ходят слухи», «Кукла для невесты», «Сирена и Виктория», «Примадонны», «Неугомонный дух», «Вышел ангел из тумана» және басқалар), классикалық драмаға негізделген пьесалар да («Леди Макбет Мценского уезда», «Учитель танцев», «Дядюшкин сон», «Панночка», «Женитьба Фигаро», «Женитьба Бальзамина») табысты сахналанып келеді.

Театр жаңа қойылымдар да ұсынып келеді, бұл орайда «Двенадцатая ночь, или Что угодно» (реж. Я. Рубин, Вологда), «Панночку» (реж. А. Лиопа) комедияларын, Ш. Айтыматовтың романы бойынша қойылған «Плаха» драматәмсілін, «Федра» неоклассикасын (реж. Д. Жұмабаева) атап өтуге болады.

2000–2020 жылдар аралығында театрдың бас режиссері Александр Лиопа, ал 2020–2021 жылдар аралығында Дина Жұмабаева болды.

Театр директоры – Юрий Ивлев.

Театр өзінің басты міндеті жалпы адамзатқа тән адамгершілік мұраттарды бекіту, орыс театр мектебі мен қазақ мәдениетінің бай дәстүрлерін сақтау, классика мен қазіргі заманғы сахна өнерінің үздік үлгілерін насихаттау деп біледі.

2011 жылға дейінгі мәліметтерді «2012 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

Әдебиеттер:

1. А. М. Горький атындағы Қостанай орыс драма және қуыршақ театры [Мәтін] // Қостанай 125 жыл : фотокітап = фотокнига / Қостанай қаласы әкіматты мен мәслихатының тапсырысы бойынша = по заказу әкіматта и маслихата г. Костаная. – Қостанай, 2004. – Б. 62.

2. Қостанай облыстық орыс драма және қуыршақтар театры [Мәтін] // Қазақ мәдениеті : энцикл. анықтамалық : А – Я / Ә. Шығай. – Алматы, 2005. – Б. 403.

3. Қостанай облыстық орыс драма театры [Мәтін] // Қазақ ССР : 4 томдық қысқаша энцикл. / бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы, 1989. – Т. 4. – Б. 383–384.

Мақалалар:

1. Айқадамова, Айтолқын. Тамыры терең театр [Мәтін] : [орыс драма театры] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2015. – 16 қазан. – Б. 2.
2. Әбединова, Сәуле. Фестивальден кейінгі ой [Мәтін] : [XIII Халықаралық театр фестивалі өтті] / Сәуле Әбединова // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 14–20 тамыз. – Б. 11.
3. Жанғабылов, Кәрім. Шоқанға арналған кеш [Мәтін] : [обл. орыс драма және қуыршақ театрында қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уалихановтың туғанына 170 жыл толуына арналған салтанатты кеші өтті] / Кәрім Жанғабылов // Қостанай. – 2005. – 15 қараша. – Б. 1.
4. Көрме аясындағы – Қостанай күндері [Мәтін] : Ән-күй құйқылжып, азық-түлік арзан бағамен сатылады / топтаманы әзірлеген Асхат Райқұл ; суреттерді түсіргендер Орынбай Балмұрат, Ерлан Омар // Егемен Қазақстан. – 2017. – 4 тамыз. – Б. 4.
5. Құлабаев, Нұрқанат. Театр қызметкерлеріне құрмет [Мәтін] / Нұрқанат Құлабаев ; суреттерді түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2019. – 29 наурыз. – Б. 5.
6. Тәртіпке шақырған қойылым [Мәтін] : [жол қозғалысына арналған] / облыстық ІД баспасөз қызметі // Қостанай таңы. – 2017. – 12 қыркүйек. – Б. 8.
7. Хасенов, Ермекбай. Ғимараттар сұлу болуы керек [Мәтін] : [облыс әкімі С. Кулагин бірқатар құрылыс нысандарын аралады] / Ермекбай Хасенов ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2010. – 31 наурыз. – Б. 1, 2.

15 мамыр

75 жыл

АХМЕТОВ Сабыржан Ахметұлы (1947)



Механик-инженер, мемлекеттік қызметші, ҚР-ның білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005) кеншілердің Қызылқозы (қазіргі Арқалық қаласы) поселкесінде дүниеге келді. Әке-шешесі Арқалықтың алғашқы кеншілері болды.

1960 ж. мектеп есігін ашты.

1966 ж. Б. Майлин атындағы орта мектепті бітіріп, отбасы жағдайына байланысты еңбек жолын жұмысшы болып бастады.

1966–1969 жылдар арасында Отан алдындағы азаматтық парызын абыроймен орындап, туған елге оралысымен Сарыторғай жылқы зауытында инженер-электрик болып қызмет істеді. Бұл

қызметті ол 1969–1974 жылдар аралығында атқарды.

1982 ж. Ленин орденді Қазақ совхоз-техникалық училищесін бітірді, ауыл шаруашылығын электрлендіру мамандығы бойынша.

1995 ж. ауылшаруашылық механизациясы мамандығы бойынша Ақмола ауылшаруашылық институтын бітірді.

1974 ж. Сарыторғайға жоғарғы кернеулі электр жүйесі тартылған соң соның бастығы болып тағайындалды.

1984 ж. тамыз айында Аманкелді аудандық, электр жүйесі мекемесінің бастығы болып тағайындалды. Осы қызметке келісімен ол жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен жұмыс істеп ауданда жаңа үлгідегі тұрғын үйлер мен өнеркәсіптік база, автогараж және басқа да күрделі құрылыстар салуды қамтамасыз етті.

Іскер басшы ретінде танылған оны сол кездегі аудан басшылығы 1989 ж. аудандағы ең ірі кәсіпорын – аудандық автотранспорт пайдалану кәсіпорынына бас директорлыққа ұсынды. Сөйтіп ол сол кездегі үрдіске сай сайлауға түсті. Сайлауда жеңіске жетіп, аталмыш кәсіпорынның директоры болып сайланады. Бұл қызметті 1993 жылдың күзіне дейін атқарды. Осы уақыт ішінде аудандық автотранспорт кәсіпорынын облыстағы таңдаулы кәсіпорындардың бірі дәрежесіне жеткізді. Бірнеше тұрғын үйлер мен жаңа үлгідегі монша салынды. Кәсіпорын жоспарын үнемі орындап, жарыс жеңімпазы атанды.

1993 ж. Торғай облыстық әкімдігі С. А. Ахметовты облыс орталығы – Арқалық қаласы әкімінің орынбасарлығына жоғарлатты.

1995 ж. Амантоғай ауданының әкімі етіп тағайындады.

1997 ж. Торғай облысы және Амантоғай ауданы таратылып, Амантоғай ауданы Аманкелді ауданына қосылғанда Қостанай облысының әкімдігі оны Аманкелді ауданы әкімі етіп тағайындады. 1998 ж. Арқалық қаласының әкімі етіп тағайындалды.

2000 ж. Ұзынкөл ауданының әкімі етіп жіберілді. Бұл қызметте 2004 жылдың мамыр айына дейін болды. 2004 жылдың мамыр айында облыс басшылығы С. А. Ахметовты Аманкелді ауданына әкім етіп тағайындады.

С. А. Ахметов басқарған жылдары (2004–2012) Аманкелді ауданының экономикасы айтарлықтай ілгері басты. Мал басы өсіп, егістік көлемі 20 мың гектардан 85 мың гектарға жеткізілді.

2012 ж. – еңбек демалысына шықты.

2013–2020 жж. – «Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы» МҚК директордың орынбасары болып еңбек етті.

Бірнеше рет Қазақстан коммунистік партиясы ауд. комитетінің пленум мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып сайланған.

«Құрмет» (2006), Парасат (2011) ордендерімен, «Астана» (1998), «Тыңға – 50 жыл» (2005), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) мерекелік медальдарымен марапатталған.

Еңбек сіңірген ауылшаруашылық қызметкері. Қостанай облысының (2017) және Аманкелді ауданының (2014) құрметті азаматы.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

1. Абыройы асқан асыл азамат [Мәтін] : Орал Мұхамеджанов туралы сөз / Сабыржан Ахметов // Қостанай таңы. – 2015. – 6 қаңтар. – Б. 7.
2. Алаңдауға ешқашан негіз жоқ [Мәтін] : [ауыл шаруашылық қызметкерлерінің семинар-жиналысы] / бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2012. – 7 тамыз. – Б. 8.
3. «Аманкелді ауданының 2009 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен 2010 жылға арналған міндеттері» [Мәтін] : аудан әкімі С. Ахметовтың тұрғындармен есепті кездесуінде сөйлейтін сөзінің тезистері / С. Ахметов // Аманкелді арайы. – 2010. – 8–15 қаңтар. – Б. 1, 2.
4. «Аманкелді ауданының 2010 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2011 жылға арналған міндеттері» [Мәтін] : аудан әкімі С. А. Ахметовтың тұрғындармен есепті кездесулерінде сөйлейтін сөзінің ТЕЗИСТЕРІ / С. А. Ахметов // Аманкелді арайы. – 2011. – 10 қаңтар. – Б. 2.
5. Жаңарған жер, жасампаз [Мәтін] : [Аманкелді ауданының 80 жылдық тойы] / Сабыржан Ахметов // Аманкелді арайы. – 2008. – 18–26 қыркүйек. – Б. 2–3.
6. Жасампаздықтың жиырма жылы [Мәтін] : аудан әкімі С. А. Ахметовтың аманкелділіктерді Тәуелсіздік мерекесінің 20 жылдығымен құттықтауы / С. А. Ахметов // Аманкелді арайы. – 2011. – 7–16 желтоқсан. – Б. 1.
7. Мерекелік құттықтаулар [Мәтін] : [Аманкелді ауданының 90 жылдығына арналған] / Әбдісағит Тәтіғұлов, Торсан Нұрмұхамбетов, Аманкелді Садырбеков, Сабыржан Ахметов // Аманкелді арайы. – 2018. – 14–21 қыркүйек. – Б. 1.
8. «Өлкемізді өркендете береміз» [Мәтін] : [Аманкелді ауданы туралы] / Сабыржан Ахметов // Ақиқат. – 2008. – № 7. – Б. 28–32.
9. Өркен жайған өңір [Мәтін] : Аманкелді ауданы / Сабыржан Ахметов // Қостанай таңы. – 2010. – 3 ақпан. – Б. 4.

Ол туралы әдебиеттер:

1. Арайлы Аманкелді [Мәтін] : библиогр. көрсеткіш / Аманкелді аудандық орталық кітапханасы ; [құраст. Б. С. Князова]. – Аманкелді ауданы, 2018. – 31 б.
2. Ахметов Сабыржан [Мәтін] // Торғай елі : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 67.
3. Тарихқа толы – ұлы өлкем [Мәтін] : Аманкелді ауданына 90 жыл : библиогр. көрсеткіш / Аманкелді аудандық орталық кітапханасы ; [құраст. А. К. Аубакирова]. – Аманкелді, 2018. – 20 б.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Аманкелді ауданына 80 жыл [Мәтін] : [мақалалар] / [М. Ходенұлы [және т. б.]. – Қостанай, 2008. – Б. 5–7.

2. Аманкелді ауданын әр жылдарда басқарған бірінші басшылар [Мәтін] : [ауданды басқарған басшылар туралы] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2016. – 16 қыркүйек. – Б. 5.
3. Аяпбергенов, Ә. Ақ босағам – Арқалық! [Мәтін] : [Арқалық қаласының тарихынан деректер] / Ә. Аяпбергенов // Қостанай таңы. – 2006. – 31 мамыр. – Б. 5.
4. Әбіш, Дамир. Аудан әкімінің есебі нені көрсетті? [Мәтін] : [Аманкелді ауд. әкімі С. Ахметов халықпен кездесіп, 2011 ж. атқарылған жұмыстар туралы есеп берді] / Дамир Әбіш // Қостанай таңы. – 2012. – 24 ақпан. – Б. 6.
5. Бектемісов, Асқарбек. Жайсаң [Мәтін] : [мем. қызметкер Сабыржан Ахметұлы туралы] / Асқарбек Бектемісов // Қостанай таңы. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 5.
6. 2006 жылғы 20 қазан – аудан әкімдерінің сайлауы күні [Мәтін] : Аудан әкімдігіне үміткер С. А. Ахметов пен Ж. Қ. Тәукеұлының өмірбаяндары / [газ ред.] // Аманкелді арайы. – 2006. – 6 қазан. – Б. 1.
7. Жақсанов, Оразалы. Арқалық перзенті [Мәтін] : [Сабыржан Ахметов туралы] / Оразалы Жақсанов // Қостанай таңы. – 2016. – 5 тамыз. – Б. 6.
8. Жастармен кездесті [Мәтін] : [Халықаралық жастар мерекесі күні аудан әкімі С. Ахметов ауд. жастарымен кездесті] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2007. – 24–31 тамыз. – Б. 1.
9. Жетістіктер мол, міндеттер зор [Мәтін] : [Аманкелді ауд. әкімі С. А. Ахметов өңірдегі барлық ауыл және ауылдық округтерде болып, халықпен кездесті] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2012. – 24 ақпан. – Б. 1, 2.
10. Қонысбай, Кенже. Облыстың Құрметті азаматтары анықталды [Мәтін] / Кенже Қонысбай // Қостанай таңы. – 2017. – 9 тамыз. – Б. 2.
11. Қуандықұлы, Қ. Жемісі жарқын жеті жыл [Мәтін] : немесе аудан әкімі Сабыржан Ахметов қызметінің қырлары туралы бірер сөз / Қ. Қуандықұлы // Аманкелді арайы. – 2011. – 20–27 мамыр. – Б. 1, 3.
12. Қуандықұлы, Қ. Тұңғыш сайланған әкім ертең ант қабылдап, қызметіне кіріседі немесе Сабыржан Ахметұлы аудан халқы мен депутаттар бірауыздан қолдады [Мәтін] / Қ. Қуандықұлы // Аманкелді арайы. – 2006. – 26 қазан. – Б. 1, 2.
13. Мұсабаев, Х. Айқын мақсат, жоғары сенім [Мәтін] : [аудан әкімінің есеп беру жиналыстарынан] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2006. – 3 наурыз. – Б. 1.
14. Мұсабаев, Х. Ел мұраты ілгерілеу [Мәтін] : [аудан әкімінің есеп беру жиналысынан] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2006. – 17–31 наурыз. – Б. 3.
15. Мұсабаев, Х. Ел мүддесі басты назарда [Мәтін] : [аудан әкімінің есеп беру жиналыстарынан] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2006. – 10 наурыз. – Б. 1.
16. Мұсабаев, Х. Еліміз еңселі: ауданымыз абыройлы, селомыз сәнді, көшеміз көрікті, ауламыз ажарлы болсын [Мәтін] : [Аманкелді ауд. Аманкелді селосы тұрғындарының кезекті жиыны өтті] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2005. – 15 сәуір. – Б. 1.

17. Мұсабаев, Х. Сабыржан Ахметов, Аманкелді ауданының әкімі: Ескі жыл ескереді, жаңа жыл жарылқасын [Мәтін] : [сұхбат] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2005. – 30 желтоқсан. – Б. 5.

18. Мұсабаев, Хамитбек. Ауылы азаматтарын ардақтады [Мәтін] : [еңбек ардагерлері Бимағанбет Кенжебекұлы және Сабыржан Ахметұлына «Аманкелді ауданының құрметті азаматы» атағы берілді] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2014. – 28 қаңтар. – Б. 9.

19. Мұсабаев, Хамитбек. Бәрі басшыға байланысты [Мәтін] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2004. – 17 қыркүйек. – Б. 4.

20. Мұсабаев, Хамитбек. Елге қызмет – ерге міндет [Мәтін] : [Аманкелді ауданының әкімі С. Ахметовпен сұхбат] / Хамитбек Мұсабаев ; суретті түсірген Қ. Әмірбекұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 15 шілде. – Б. 4.

21. Мұсабаев, Хамитбек. Сабыржан Ахметов, Аманкелді ауданының әкімі: Береке-бірлік – биікке бастайды [Мәтін] : [сұхбат] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2006. – 14 маусым. – Б. 3.

22. Мұсабаев, Хамитбек. Сабыржан Ахметов, Аманкелді ауданының әкімі: Мақсатымыз айқын, межеміз жоғары [Мәтін] : [сұхбат] / Хамитбек Мұсабаев ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2011. – 18 мамыр. – Б. 3.

23. Мұсабаев, Хамитбек. Туған жерін түлеткен [Мәтін] : Құрмет орденінің иегері, қайраткер, азамат Сабыржан Ахметов туралы сыр / Хамитбек Мұсабаев // Ақиқат. – 2007. – № 6. – Б. 58–61.

24. С. Ахметұлы – «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атанды [Мәтін] : [ауданның бұрынғы әкімі Сабыржан Ахметұлы] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2017. – 4 тамыз. – Б. 1.

25. Сарторғайым [Мәтін] : [ән нотамен берілген] : (Сабыржан Ахметұлына арнаймыз) / сөзі: Әбжан Әбілтаевтікі, әні: Қалибек Деріпсалдиндікі // Аманкелді арайы. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 5.

26. Сәулебек, Айтбай. Торғайдың топжарғаны [Мәтін] : [зейнеткер Сабыржан Ахметұлы – 70 жаста] / Айтбай Сәулебек // Аманкелді арайы. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 4.

27. Істелінген жұмыстар аз емес, істейтін жұмыстар әлі де көп [Мәтін] : [аудан әкімінің ауыл және ауылдық округтерде өткізілетін халық жиындарында беретін есебі] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2007. – 12 қаңтар. – Б. 1, 3 ; 19 қаңтар. – Б. 1.

15 мамыр

70 жыл

НОВОСЁЛОВ Юрий Дмитриевич (1952)



Суретші-портретші, график, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, облыстық Меценаттар клубы сыйлығының лауреаты Свердлов облысының Асбест қаласында дүниеге келген.

Алғашқы өнер шеберлігін Асбест қаласында А. Г. Цвиренконың арт-студиясында Мәдениет сарайында алды. Бір жыл өнер мектебінде оқығаннан кейін, 1972 ж. кеңес әскері қатарына қосылды, әскерден кейін оқуын жалғастырды.

1977 ж. Нижний Тагилдегі Орал қолданбалы өнер мектебін бітірген. Оқуды аяқтағаннан кейін Ю. Новоселов Қорған қаласына көшті. Сол жылы оның шығармашылық қызметі басталады.

1977 ж. Новоселов өзінің алғашқы бірнеше жұмыстарын Чехословакиядағы Брно қаласындағы VIII биенналеде өткен Халықаралық плакаттар мен қолданбалы графика көрмесіне жіберді. Постерлердің бірі көрмеге қабылданып, экспозициясы мен биеннале каталогына енгізілді. Қорған қаласына екі жыл жұмыс істегеннен кейін, 1979 ж. отбасымен Қостанай қаласына қоныс аударды. Мұнда ол шығармашылық постермен айналысуды жалғастырды. Қостанайда А. Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университетті бітірді. Ол облыстық және республикалық сурет көрмелеріне белсенді қатысты.

1981 ж. Қазақстан Суретшілер одағының жастар бірлестігіне қабылданды. Сол жылы ол Палангадағы (Литва КСР) КСРО Суретшілер одағының өнер үйіне, бүкілодақтық постер суретшілер тобына жіберілді.

Ю. Новоселовтың қалыптасуы мен жетілуі қазақ топырағында өтті. ҚР Суретшілер одағында, Қазақ көркемсурет қорының Қостанай көркемөнер-өндірістік шеберханаларында суретші ретінде жұмыс істей отырып әр жылдары шеберханалардың шығармашылық бөлімінің төрағасы, көркемдік кеңестің мүшесі, кеңестің төрағасы болды. Көркемдік кеңес, шеберханалардың директоры.

1986 ж. КСРО Суретшілер одағына қабылданды.

1982 ж. Польшада Малборгта өткен Халықаралық көрмеге алғашқы кітапшасын жасайды. Содан бері шағын графикаға деген құштарлық тұрақты болды. Ол 100-ден астам кітапша жасады. Сонымен қатар өндірістік графикаға деген қызығушылық болды.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының басында бейнелеу өнерінің басқа түрлерімен бірге жарнама шығармашылық ізденістердің ең жанды және мобильді салаларының бірі болып шықты. Суретшінің шығармашылық жолы өнердің осы түрінің дамуымен тығыз байланысты.

Қостанайдың атынан шыққан көптеген көрмелерге қатысты, бірнеше рет республикалық, бүкілодақтық және халықаралық плакаттар мен буклеттер конкурстарында сыйлықтар мен марапаттарға ие болды: Алматыда (1988, 1991), Астана (2009, 2011), Мәскеу (1983, 1985), Польша (1988).

Өндірістік графикамен және кескіндемен айналыса бастайды. Шақыруларға жауап бере отырып әртүрлі халықаралық көрмелерге буклеттер жібереді.

Кескіндемеде гүлдер бірнеше жылдан бері оның тақырыбына айналды.

2002 ж. Юрий Дмитриевич постер жанрына оралып, 50 туындыдан тұратын әлеуметтік плакаттар сериясын жасады. Бұл серияда ол жинақталған тақырыптарды пайдалануға шешім қабылдады, эскиздер жасалды.

Кейінгі жылдары Ю. Новоселов портретке қызығушылық танытып, бірнеше жылдан бері айналысып келді. Сонымен бірге ол қазақтың мақал-мәтелдері тақырыбына постерлер топтамасын дайындады.

2019 ж. тарихи Отанына оралды, қазір Белгород облысы Старый Оскол қаласында тұрып жатыр. Юрий Дмитриевич шығармашылықпен айналасып, аймақаралық, облыстық, қалалық көрмелерге қатысып еңбек етуде.

Ю. Д. Новоселовтың құрастыруымен шыққан басылым:

Елу үздіксіз шығармашылық жыл [Мәтін] : көркемсурет ұйымының 50 жылдығына арналған облыстық көрме = областная выставка, посвященная 50-летию образования художественной организации / құраст. Ю. Д. Новоселов ; алғы сөз мәтінінің авторы Л. П. Маслюк. – Қостанай, 2009. – 34 б.

Ол туралы мақалалар:

1. Досжанова, Қымбат. «Суретпен оңаша қалғанда...» [Мәтін] : [Қостанай қ. көркемсурет галереясында жергілікті суретші-график, плакатшы Юрий Новоселовтың дербес көрмесі ашылды] / Қымбат Досжанова // Қостанай таңы. – 2017. – 1 тамыз. – Б. 8.

2. Досжанова, Қымбат. Суретшінің жеке көрмесі [Мәтін] : [Ю. Новоселовтың көрмесі] / Қымбат Досжанова ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2012. – 27 қараша. – Б. 8.

3. Жәрімбет, Нәзира. Зейнеткер өткізген байқау [Мәтін] : [Қостанайда жас суретші-портретшілердің облыстық байқауы өтті] / Нәзира Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 16.

ФАХРУТДИНОВ Шәміл Абдрахманұлы (1952)



Педагог, ҚР-ның білім беру саласының үздігі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Карнавал» хореографиялық мектебінің директоры Қостанай қаласында дүниеге келді.

1974 ж. – Қызылорда педагогикалық институтының шетел тілдері факультетін бітірген, француз тілінің мұғалімі.

2009 ж. – Челябині мемлекеттік өнер және мәдениет академиясын, театр және теледидар режиссері мамандығы бойынша тәмамдайды.

1988 жылдан бастап «Карнавал» би ансамблінің көркемдік жетекшісі. Қаламыздың атақты би ұжымы көптеген республикалық және әлемдік деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлдегер атануда. Олар Франция, Эстония, Германия, Болгария, Чехия, Ресей және басқа да көптеген шет елдерде болып, қазақ елінің атын шығарып жүр.

Шәміл Фахрутдинов Қостанай қаласында би өнерінің ашылуы мен дамуына жетекшілік еткен дарынды ұйымдастырушы. «Карнавал» балалар би тобының тұрақты жетекшісі.

2007 жылдан бастап Қостанай қаласы әкімдігінің «Карнавал» хореографиялық мектебі» МКҚК директоры.

«Құрмет» орденімен (2016), «Ерен еңбегі үшін» (2000), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011), Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» атындағы (2008) медальдарымен, «Ағарту саласының құрметті қызметкері» (2006), ҚР «Мәдениет қайраткері» (2007) төсбелгілерімен марапатталған, ҚР Президенті алғыстарымен ескерілген (2001, 2005), облыс әкімі сыйақысының лауреаты (2000), Қостанай облыстық меценаттар клубының сыйлығының лауреаты (2001, 2008, 2014). Қостанай қаласының құрметті азаматы (2016). Мәдениет министрлігі мен Білім министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

2016 жылға дейінгі мәліметтерді «2017 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінен» қараңыз.

Ол туралы әдебиеттер:

1. «Карнавал» балалар би ансамблі [Мәтін] // Қостанай 125 жыл : фотокітап = фотокнига / Қостанай қаласы әкімдігі мен мәслихатының тапсырысы

бойынша = по заказу акимата и маслихата г. Костаная. – Қостанай, 2004. – Б. 66.

2. «Карнавал» би ансамблі [Мәтін] // Қостанай қаласы – 130 : фотокітап = фотокнига / [авт. проекта В. Баранов ; ред. О. Лукаш]. – Қостанай, 2009. – Б. 98.

3. Талантты шеберлердің қолдарынан шыққан дүниелер қаланы ажарландыра түседі... [Мәтін] : [Қостанайдың мәдениет және өнер саласы] // Қостанай – 128 : фотокітап = фотокнига / Қостанай қалалық әкімдігі тапсырысы бойынша = по заказу акимата города Костаная. – Қостанай, 2007. – Б. 80–85.

4. Фахрутдинов Шәміл Әбдірахманұлы [Мәтін] // 2017 жылға берілген Қостанай облысының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі. 44-шығ. [Л. Н. Толстой атындағы Қостанай ОӘҒК, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; құраст.: Ә. Қ. Сәлібаева, Д. А. Жұмабаева, Ә. Р. Тәжікенова ; ред. Б. М. Әлкебаева]. – Қостанай, 2016. – Б. 73–74.

Мақалалар, сұхбаттар:

1. Айқадамова, Айтолқын. Мәдениет саласы жаңара түспек [Мәтін] : [облыс әкімі обл. мәдениет, өнер және кино қызметкерлерімен кездесті] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2007. – 25 желтоқсан. – Б. 2.

2. Айқадамова, Айтолқын. Өнердің тілі шексіз [Мәтін] : [хореограф Шәміл Фахрутдиновпен сұхбат] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2021. – 30 сәуір. – Б. 7.

3. Жақсанов, Оразалы. Еуропаны қазақ биімен табындырған [Мәтін] : атақты «Карнавал» би ансамблінің өнердегі жетістіктері жайлы сөз / Оразалы Жақсанов // Мәдениет. – 2008. – № 9. – Б. 14–17.

4. Жаңа жыл құт-береке әкелсін! [Мәтін] : Шаһардағы мереке жайлы толғаныс / бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2017. – 6 қаңтар. – Б. 6.

5. Қазақ биімен шетелдіктерді таңқалдырды [Мәтін] : [«Карнавал» би ансамблі] / [газ. ред.] // Қостанай. – («Қостанай» қосымшасы). – 2012. – 8 мамыр. – Б. 8.

6. Мерейтойлық марапат тапсырылды [Мәтін] : [Қостанай облысының және Қостанай қаласының құрметті азаматы атағына ие болғандар] / [газ. ред.] ; суретті түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2016. – 16 тамыз. – Б. 2.

БЕРДАЛИНОВА Ғайнижамал Сайманқызы (1942)



Ақын, журналист, қоғам қайраткері Орынбор облысы Адамов ауданы Орехов с. дүниеге келген.

Мектепті бітірген соң, Батыс Қазақстан облысының Орал қаласындағы А. С. Пушкин атындағы пединституттың филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған.

1968 ж. Адамов ауданының «Ленинское знамя» (орыс тілді) газетіне қызметке шақырылған. Алғашқы өлең, мақалаларын орыс тілінде жазған.

1970 ж. ата-жұрты Жітіқара жеріне қоныс аударады. Ана тілінің мәртебесін көтеретін іс-шараларға араласа жүріп аудандық, қалалық, облыстық ақындар айтысына қатысқан.

1984–1992 жылдар аралығында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет еткен.

1992 ж. «Қостанай таңы» газетінің тілшісі. Бұл жылдар ол үшін қанатты жылдарға айналған. Шығармашылық шабыты өсіп, өзекті мәселелерге мақала, корреспонденциялар жазумен қатар, өзі жазған өлеңдерін жинақ етіп шығаруға дейін барғаны анық.

